



ӨҢІРЛЕР ҚУАТТЫ БОЛСА, МЕМЛЕКЕТ МЫҚТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев екі күндік жұмыс сапарымен Жетісу облысына барды.

Президент сапары «Талдықорған» индустриялық аймағында орналасқан ASMA INDUSTRIAL өндірістік аккумулятор шығару зауытының жұмысымен танысудан басталды. Құны 8,5 миллиард теңгені құрайтын жоба былтыр қолға алынып, алдымен ғимараты жаңартылған болатын. Одан соң бюджет қаражатына электр жабдықтары орнатылып, кәріз және газдандыру желілері тартылған. Аумағы 14,3 гектар болатын зауыт биылғы 6 желтоқсан күні іске қосылды.

Президентке өндіріс орнын таныстырған ASMA INDUSTRIAL ЖШС құрылтайшысы әрі зауыт директоры Серікбай Аждағамбетовтің айтуынша, мұнда мұнай-газ, тау-кен өнеркәсібінде, телекоммуникацияда, теміржол саласында, сондай-ақ «жасыл» энергетикада үздіксіз энергия көзі ретінде қолданылатын өндірістік аккумулятор батареялары шығарылады.

Мемлекет басшысына баяндалған мәліметтерге сәйкес, зауыт



толық қуатына шыққанда 180 жұмыс орны құрылып, жылына 210 мың аккумулятор өндіреді. Дайын-

далған өнімнің 60 пайызын ТМД және Балтық елдеріне экспорттап, қалған 40 пайызын отандық на-

рықта сатуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ іске қосылған алғашқы жылы бюджетке 500 миллион тең-

геден астам салық төлейді. Зауытқа қажетті шикізаттың басым бөлігі Қазақстан кәсіпорындарынан сатып алынады. Атап айтқанда, «Казцинк» ЖШС-тен қорғасын, «Қазатомөнеркәсіп» ҰК» АҚ-дан күкірт қышқылын алса, сепаратор мен полипропиленді Қытайдан импорттайды. Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпорын жұмысшыларымен әңгімелесіп, еліміздегі өндірістің рөлі туралы айтты.

— Мемлекет мықты болсын десек, ең алдымен, өңірлеріміз қуатты болуы керек. Өндірісі дамыған елге айналу үшін осы салаға көңіл бөліп отырмыз. Стратегиялық маңызы бар Жетісу облысына ерекше назар аударамыз, — деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы облыстағы кәсіпорындардың жетекшілерімен кездесіп, пікір алмасты. Сондай-ақ отандық бизнесті қолдау мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты екенін жеткізді.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰТТЫҚТАУ ХАТ ЖОЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Сердар Бердімұхамедовке Түрікменстанның тұрақты бейтараптығына 29 жыл толуына орай құттықтау жолдады.



Қазақстан Президенті жеделхатында Түрікменстанның табысты жүргізіп отырған бейтараптық саясаты елдің халықаралық аренадағы беделін биіктетіп, зор құрметке бөлегенін атап өтті.

«Қазақстан мен Түрікменстанды сан ғасырдан тамыр тартатын берік достық, тату көршілік және өзара қолдау рухындағы

қарым-қатынас байланыстырады. Бауырлас екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік нығая түсіп, қарқынды дамып келеді. Біз мұны жоғары бағалаймыз», — делінген құттықтауда.

Мемлекет басшысы Түрікменстан Президентінің жауапты қызметіне табыс, ал бауырлас түрікмен халқына бақ-береке тіледі.

ТӘУЕЛСІЗДІК – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Биыл бар игілігіміздің бастауы болған Тәуелсіздігімізге – 33 жыл! 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан егемен ел ретінде өз тәуелсіздігін жариялады.



→ 4

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ЭКО ҒАНА ЕМЕС, САНА ТАЗАЛЫҒЫ

Сенбілік дегеніміз – тазалық жұмыстары ғана емес, жастарға ұлттық мәдениет пен әдеби мұра туралы маңызды ақпарат жеткізетін танымдық іс-шара деңгейінде болғаны құптарлық шаруа.



→ 11

ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Энергетик күні қарсаңында отандық энергетика саласындағы жемісті еңбегі, Қазақстан Республикасының инфрақұрылымдық дамуына қосқан үлесі үшін жүзден астам жұмысшы мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Атап айтқанда, 1 азамат «Парасат» орденінің және 19 энергетик «Құрмет» орденінің кавалері атанды, 36 жұмысшы ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен наградалды, 56 маман «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері болды.

ЕҢБЕККЕРДІ ҚОРҒАУ –

ЕЛДІКТІ ҚОЛДАУ

Келер жыл «Әділетті Қазақстанда» еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әділдік орнатудың бетбұрыс кезеңіне айналуға тиіс. Бұған кедергі келтірген ескі заңнама жаңартылуы қажет. Еңбекмині тиісті заң жобасын әзірледі. Оған бизнес қоғамдастық тарапынан қуатты қарсылық байқалады. Бірақ жаңа заң аса қажет. Қазақстанда зиянды және қауіпті жұмыстарда істейтіндердің үлесі 29%-ға жетті. Дамыған елдерде 4%-дан аспайды. Озық елдер көрсеткішіне жету – асу бермес асқақ арман. Заң жобасы ең құрыса «залалды» үлесті азайтуға ықпал етер ме еді.

(Жалғасы 6-бетте)



АҚОРДА

14 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

(Басы 1-бетте)

Одан соң Президент Талдықорған қаласының іргесіндегі Ынтымақ ауылында биыл пайдалануға берілген №30 мектепті аралап көрді. 1200 оқушыға есептелген білім ошағының құрылысы жергілікті бюджеттің және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының есебінен қаржыландырылған. Заманауи үлгіде жабдықталған мектепте 77 оқу кабинеті, мультимедиа сыныптары, спорт, гимнастика, мәжіліс пен кітапхана залдары, ағаш, металл және тігін шеберханалары бар. Президент жаңа оқу ордасын аралап көріп, оқушылармен әңгімелесті. Мемлекет басшысы мектепке автобус сыйға тартты.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев «Жетісу» волейбол клубының оқу-жаттығу кешенін және Үстел теннисі орталығын аралап көрді. Биыл пайдалануға берілген кешен ғимаратының құрылысына 1,2 миллиард тенге жұмсалған. Ауданы 1 639,4 шаршы метр болатын нысан екі блоктан тұрады. Үш қабатты негізгі ғимарат волейболдан оқу-жаттығу сабақтарын, дене шынықтыру-сауықтыру процестерін өткізуге арналған. Кешенде спорт және жаттығу залдары, медициналық, әкімшілік кабинеттері бар.

Мемлекет басшысы спортшыларға арналған тұрғынжаймен танысты. Онда пәтерлерден бөлек, асхана, оқу кабинеттері мен демалыс аймағы қарастырылған. Жеке инвестор салған ғимараттың ауданы — 3866,5 шаршы метр. Қасым-Жомарт Тоқаев мамандармен және спортшылармен әңгімелесіп, команданың жақсы ойын үлгісін көрсетіп жүргенін атап өтті. Сондай-ақ осыған дейін Алматы қаласында жаттығып келген клубтың енді облыста дайындық жасай алатынына назар аударды. Сөз соңында спортшыларға халықаралық деңгейде өнер

ӨҢІРЛЕР ҚУАТТЫ БОЛСА, МЕМЛЕКЕТ МЫҚТЫ



көрсету қажет екенін айтып, алдағы жарыстарда жеңіске жетулеріне тілектестік білдірді. Команда мүшелері қолайлы жағдай жасалғаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, волейбол добына қолтаңба қалдыруын сұрады.

Мемлекет басшысының Жетісу облысына сапары Қаратал ауданында жалғасты. Онда ол Ескелді би ауылында биыл пайдалануға берілген әлеуметтік нысандар — мәдениет үйі мен спорт кешенінің ғимараттарын аралап көрді. Жергілікті бюджет есебінен бой көтерген 150 орындық мәдениет үйінде кітапхана, әжелер мен домбырашылар ансамбльдері, би үйірмесі секілді ұжымдар орналасқан. Ал спорт

кешенінде тұрғындар тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы үйірмелеріне, бокс, күрес, волейбол, баскетбол секцияларына қатысады. Кешенде Президент ауыл балаларымен әңгімелесіп, мемлекет тарапынан өскелең ұрпақтың алаңсыз білім алуына, спортпен айналысуына қолайлы жағдай жасалатынын жеткізсе, ауыл кітапханасында өнерпаз балалармен жүздесіп, еліміздің лайықты азаматы болып өсуіне тілектестік білдірді. Мәдениет үйіне музыкалық жабдықтар мен суретші Ә.Баяндиннің картинасын тарту етті.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Үштөбе қаласында орналасқан Кемел Тоқаев атындағы орта

мектепке барды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа мектеп директоры Ләззат Испанова оқушылардың жетістіктері туралы айтып, жазушы мұражайымен таныстырды. 1997 жылы құрылған музейге қаламгердің тұтынған заттары, фотосуреттері, құжаттары мен кітаптары қойылған. Президентке жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған зияткерлік ойын және повестерінің желісі бойынша шағын қойылым көрсетілді. «Кемел Тоқаев атындағы қайырымдылық қоры» атқарған жұмыстар жөнінде баяндалды. Биыл Қордың құрылғанына 15 жыл толып отыр.

Сапар соңында Мемлекет басшысы Үштөбе қаласында орна-

ласқан Қаратал ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің ғимаратын аралап көрді. 1983 жылдан бері қолданыстағы нысан биыл күрделі жөндеуден өтіп, қазан айында аталған мекемеге берілген. Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысына Smart-әскери комиссариат жобасы туралы баяндады. Жаңа бастамаға сәйкес азаматтар автоматты түрде әскери есепке алынады.

Министрдің айтуынша, жыл сайын 17 жастағы 160 мыңнан аса жасөспірім автоматты түрде әскери есепке тұрғызылады. Сондай-ақ министрлік жұмылдыру ресурстарының ақпараттық жүйесін құрған болатын. Цифрлық трансформация Қазақстандағы 16 мен 60 жас аралығындағы барлық ер азаматты камтиды. Бұл жұмыс қағаз нұсқада жүргізілген кезде есепте 2,5 миллион азамат болған. Ал цифрлық форматқа көшкеннен кейін олардың саны 6,8 миллионға жеткен.

Бұдан бөлек, IT саласы бойынша білімі бар сарбаздар «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатына сәйкес Armiya.kz ақпараттық қызметін жасап шыққан. Аталған жоба тәрбие және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында жасанды интеллект арқылы әзірленген. Ата-аналармен кері байланысқа ыңғайлы бұл қызметтің мобильді нұсқасы да бар.

Қасым-Жомарт Тоқаев әскерге шақырылған азаматтармен әңгімелесіп, оларға Отан алдындағы борышын өтеуде еттiлiк тiледi.

— Елге қызмет ету — азаматтық борыш. Бұл — өте маңызды жұмыс, қасиетті парыз. Үлкен әскери мансаптарға жетіп, генерал атаныңыздар. Азаматтық міндетті абыроймен атқарыңыздар. Антқа адал болыңыздар! — деді Мемлекет басшысы.

Н.ОРАЗҒАЛИ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ ОРТАҚ ДИАЛОГЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсат-міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі Парламенттік комиссияның кеңейтілген отырысы өтті. Оған Орталық Азия елдері парламенттерінің өкілдері қатысты. Іс-шара барысында парламенттер мен жергілікті өкілді органдардың Орталық Азия елдерінің орнықты дамуын қамтамасыз ету жолындағы рөлі талқыланды. Сондай-ақ қатысушылар аталған бағыттағы тәжірибелерімен бөлісті.

Мәулен Әшімбаев отырыстың кеңейтілген форматы өңір елдері парламенттерінің стратегиялық диалогын нығайтуды көздейтінін атап өтті. Сондай-ақ ол мұндай кадам өзара ынтымақтастықты арттырып, Орнықты дамудың жаһандық мақсаттарына қол жеткізу үшін бірлесіп әрекет етуге ықпал ететінін айтты.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің «Орталық Азия ренессансы: орнықты даму және өркендеу жолы» атты тұжырымдамалық мақаласында өңірдің орнықты дамудың жаһандық күн тәртібіндегі рөліне кеңінен тоқталды. Орнықты дамудың күн тәртібі қазіргі таңдағы ортақ жаһандық және аймақтық проблемаларды

шешуге бағытталған. Бұл ретте климаттың өзгеруі, құрғақшылық, су ресурстарының тапшылығы және экология мәселелері өңір үшін өзекті екені белгілі. Сондай-ақ халықтың өмір сүру деңгейін одан әрі арттыру да елдеріміз үшін ортақ міндет», — деп, палата Спикері мемлекет басшылары белгілеген өңір елдерінің орнықты дамуын қамтамасыз ететін бірнеше басымдықтар қатарында да аймақты өркендету жолындағы ортақ мақсаттар бар екенін атап өтті.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы жаһандық жылыну, Каспий теңізінің тартылуы, Аралдың жойылуы сияқты өзекті климаттық сын-қатерлерге назар аударды. Бұл проблемаларды оңтайлы

шешу үшін Орталық Азия елдерінің нақты үйлесімді жұмысы қажет. Онсыз еңсеру мүмкін емес. Бұл ретте парламентаралық өзара іс-қимыл, заңнамалық тәжірибе алмасу және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен ынтымақтастық орнату маңызды рөл атқарады.

Отырыс кезінде Парламенттік комиссия мүшелері мен сарапшылар Қазақстанның ОДМ-ға қол жеткізу жолындағы бастамаларына назар аударып, 10 жыл ішіндегі аралық нәтижелерді талдады. Сондай-ақ олар өңір елдерінің орнықты дамуын баяулатып отырған осал тұстарды талқылады.

Іс-шараның нәтижесінде мемлекеттік органдардың және Орталық Азия елдері парламент-



терінің өкілдері мен сарапшылар Комиссия қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі ойларымен бөлісті. Одан бөлек, қатысушылар ОДМ-ды интеграциялауға және ұлттық заңнамаға озық тәжірибелерді енгізуге қатысты пікір білдіріп, ұсыныстарын айтты.

Парламенттік комиссияның отырысында Комиссия мүшелерімен бірге Қазақстан Премьер-Министрінің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров, Қырғыз Республикасы Жогорку Кенеші Халықаралық істер, қорғаныс, қауіпсіздік және көші-қон комитетінің төрағасы Шыңғыс Айдарбеков, Тәжікстан Республикасы Маджлиси Оли Маджлиси милли Конституциялық негіздерді, адамның, азаматтың құқық-

тары мен бостандықтарын және заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі комитетінің төрағасы Дилшод Рахмон, Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенаты Қорғаныс және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі комитетінің төрағасы Кутбидин Бурханов, БҰҰДБ-ның Қазақстандағы Тұрақты өкілі Катержина Вавьерниа, БҰҰДБ-ның Түрікменстандағы құқықтық консультанты Ширин Ахмедова, Назарбаев Университеті Мемлекеттік саясат жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, Сенат жанындағы сарапшылар клубының мүшесі Серік Оразғалиев, халықаралық ұйымдар мен ғылыми-сараптамалық қоғамдастықтың өкілдері және басқа да сарапшылар сөз сөйледі.

БАҒДАР

14 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ



«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Тәуелсіздік күні қарсаңында «Ауыл аманаты» жобасына қатысушылар арасындағы үздік шаруашылыққа арналған республикалық конкурс қорытындыланды. Іс-шараға Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов, Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова, Премьер-Министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов, Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев және тағы басқалар қатысты.

Ерлан Қошанов осы күні халықтың шамамен 40%-ы ауылдық жерлерде тұратынын, сондықтан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің сайлауалды бағдарламасында ауыл тұрғындарының тұрмыс жағдайын жақсарту және әл-ауқатын арттыру мәселесіне ерекше назар аударғанын атап өтті.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «AMANAT» партиясы ел игілігі үшін белсенді жұмыс істеп жатқан «Ауыл аманаты» жобасын іске қосты. Биыл біздің партия жобаға қатысушылар арасындағы үздік шаруашылықтар мен кооперативтерді жұртқа көрсету үшін арнайы конкурс өткізді. Олардың тәжірибесі болашақта «Ауыл аманаты» жобасын жетілдіру үшін пайдаланылады. Президент айтқандай, жаһандану дәуірінде халықты сақтау үшін, ең алдымен, ауылды сақтауымыз керек. Сондықтан конкурс аясында біз ауыл өміріне ерекше назар аударуды көздедік. Ауыл — біздің алтын бесігіміз, мәдениетіміздің, дәстүріміздің және рухани өміріміздің сарқылмас қайнары. Ауылға деген қамқорлық — әрқайсымыздың өткенге, бүгінге және болашаққа деген қамқорлығымыз», — деді ол.

Сонымен қатар Ерлан Қошанов мемлекет тарапынан жүйелі назар аударуды талап ететін бірқатар өзекті мәселені атап өтті. Бұл ауылдардың инфрақұрылымын дамыту, ауыл тұрғындары үшін кепілсіз «тауарлық несие» енгізу, ауылдық округтер бюджетінің кіріс базасын арттыру және тағы басқалар.

Вице-премьер Тамара Дүйсенова «Ауыл аманаты» жобасы іске қосылған сәттен бастап 16 мыңға жуық ауыл тұрғыны жеке кәсібін бастау үшін 2,5% жеңілдікпен шағын несие алғанын, бұл 17 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік бергенін айтты. Сондай-ақ ол қазір шағын несие алушылар өндіретін өнімді өткізуді жолға қоюға ерекше назар аудару керек екенін атап өтті.

Ал Премьер-Министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов жоба ауылдағы жұмыссыздық деңгейін айтарлықтай төмендетуге бағытталғанын атап өтті. Сондықтан жобаның барлық артықшылығы туралы тұрғындарды дұрыс ақпараттандыру маңызды. Ол еліміздің барлық өңірінен байқауға қатысу үшін 250-ден астам өтінім келіп түскенін атап өтті. Қазылар алқасының шешімімен 30 өтінім 10 номинация бойынша жүлделі орындарға ие болды.

Мәселен, Батыс Қазақстан облысы Коскөл ауылының тұрғыны Дамир Қадіров

«Үздік кооператив» номинациясын жеңіп алды. «Үздік ЖКШ» номинациясы бойынша бірінші орын Маңғыстау облысы Ақшұқыр ауылынан Александра Григороваға бұйырды. Ақтөбе облысы Саржанай ауылының әкімі Медет Бекжанов «Үздік ауыл әкімі» атанды. «Үздік тауар кредиторы» номинациясында Ақтөбе облысы Байқалам ауылының тұрғыны Айгүл Төлеуова жеңіске жетті. Үздік сүт өнімі үшін бірінші орын Абай облысы Қарасу ауылының тұрғыны Дарьян Жанболатоваға бұйырды. Қызылорда облысы Тасбөгет кентінің тұрғыны Гүлзира Ерниязова ет өнімдерін үздік өндіруші атанды. «Үздік аспаздық өнім» номинациясы бойынша бірінші орынды Жетісу облысы Қарашоқы ауылының тұрғыны Назгүл Шоқанова иеленді. Алматы облысы Қаракөме ауылының азаматы Омар Лимтонов «Үздік көкөніс-бақша және жидек-жеміс өнімдері» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Ауылдағы үздік аграрлық емес жоба үшін бірінші орын демалыс үйін ашып, кәсібін өркендетіп отырған Шығыс Қазақстан облысы Жаңа Үлбі ауылының тұрғыны Жанна Абуғалиге берілді. Ал Батыс Қазақстан облысы Дарьинск ауылының тұрғыны Сергей Каверин «Үздік қайта өңдеу кәсіпорны» номинациясын жеңіп алды. Сонымен қатар Қызылорда облысы Бесарық ауылының кәсіпкері Мұрат Сәрсенбаев жобаға қолдау білдіргені үшін алғысхатпен марапатталды.

Байқауға қатысушылар «Ауыл аманаты» жобасы — мемлекеттің Еңбек адамына деген қамқорлығының жарқын үлгісі, ауыл тұрғындарының табысын арттырудың қарапайым әрі түсінікті құралы екенін атап өтті. Олар Мемлекет басшысына және «AMANAT» партиясына көрсетілген қолдау үшін алғыс білдірді.

Сондай-ақ Бесарық ауылында «Ауыл аманаты» аясында өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмесі өтті. Биыл ауылда аталған жоба аясында үлкен өндірістік орталық салынды. Онда картоптан жасалған фри, наубайхана, кондитерлік цех, сондай-ақ жартылай дайын өнімдер, пластик ыдыс-аяқтар, жұмысшыларға арналған қолғаптар, сабын, шұлық және ағаш бұйымдар шығаратын кәсіпорындар өз жұмысын бастады. Сондай-ақ «Қызылорда» супермаркеті мен кафе ашылды.

Осы күні «AMANAT» партиясының Төрағасы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ашылған Қызылорда қаласының «Қорқыт ата» әуежайындағы жаңа терминалдың жұмысымен танысты.

«ҰЛЫ ДАЛА» БАЙҚАУЫ: ЕЛДІКТІ МАҚСАТ ЕТКЕН



Тәуелсіздік күні қарсаңында елордада «AMANAT» партиясы ұйымдастырған дәстүрлі «Ұлы дала» республикалық шығармашылық байқауы қорытындыланды. Биыл әдеби сайыс жазушы, қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналды.

Өз сөзінде Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық мәдениет пен әдебиетке ерекше назар аударатынын атап өтті. Мәселен, былтыр Президент «Қазақстанның Халық жазушысы» атағын қайтарды, сондай-ақ оның бастамасымен келесі жылдан бастап 23 сәуір Ұлттық кітап күні ретінде аталып өтеледі.

«AMANAT» партиясы ұйымдастырған «Ұлы дала» байқауы Мемлекет басшысының ұлттық әдебиетке жүйелі қолдау көрсету жөніндегі саясатының жалғасы саналады. Біздің байқауымыз отандық таланттардың дамуына түрткі болды. Биылғы байқау балалар әдебиетінің классигі — Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығы аясында өткізілді. Мемлекет басшысының қолдауымен жыл бойы елімізде ауқымды іс-шаралар өтті. Жазушының туған жерінде еңселі ескерткіші ашылды. Париждегі ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған конференция өтті», — деді партия Төрағасы.

Ерлан Қошанов «AMANAT» партиясы жас таланттарды, қарымды қаламгерлерді

актық сынға 150 шығарма іріктелді. Оның барлығы aikyn.kz сайтында арнайы «Ұлы дала байқауы» айдарымен орналастырылды.

«Поэзия» номинациясында бірінші орынды ақын, adebiportal.kz жетекшісі Ықылас Ожайлы иеленді. Екінші орынды ақын, журналист Мұхтар Күмісбек, үшінші орынды ақын, журналист Ислам Қабулұлы қанжығалады.

«Проза» номинациясы бойынша жазушы, педагог Гүлжан Қанатқызы үздік деп танылды. Екінші орынды жазушы, мұғалім Рамазан Жеткізгенұлы, ал үшінші орынды жазушы Токтарәлі Танжарық иеленді.

«Балаларға арналған шығарма» номинациясында Серікжан Нұрбақытұлы жеңімпаз атанды. Екінші орын жазушы Айнұр Омароваға, үшінші орын ақын әрі театртанушы Әбіл Нұрисламға бұйырды.

«Драматургия» номинациясында бірінші орынды драматург Қолғанат Мұрат, екінші орынды жазушы Рахат Әлішер, үшінші орынды ақын Ақжан Аманжол иеленді.

«Әдеби сын» номинациясында Ақерке Асан жеңімпаз атанды. Екінші орынды



ұдайы қолдайтынына баса назар аударды.

«Бәріміздің ойымыз да, мақсатымыз да бір: ол — елге қызмет ету, мемлекетіміздің болашағы үшін аянбай тер төгу. Ал мемлекеттің мүддесі жолында адал қызмет етіп, елдің рухын көтеріп жүрген тұлға, ол — біздің Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. Байқасаңыздар, Мемлекет басшысы осы рух деген сөзді жиі айтады. Әділдік, адалдық, отансүйгіштік, еңбеккерлік, оның ішінде адал еңбек сияқты құндылықтарға ерекше мән береді. Өйткені бұл құндылықтар елдің рухын көтереді. Сіздердің шығармаларыңызға да осы қасиеттер, құндылықтар, елдегі оң өзгерістер арқау болуға тиіс деп ойлаймын», — деді Мәжіліс Төрағасы.

«Ұлы дала» байқауы бесінші рет өткізіліп, осы уақыт аралығында игі дәстүрге айналды. Биыл байқауға қатысушылардан келіп түскен шығармаларды іріктеу жұмысы 1 тамыздан 30 қазанға дейін жүргізіліп,

ақын, сыншы Тілеубек Батыс, үшінші орынды Арман Әділбек иеленді.

Сонымен қатар Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин және Бейімбет Майлиннің туғанына 130 жыл толуына орай тағайындалған «Үш бәйтерек» арнайы жүлдесі ақын Алмас Темірбайға табысталды. Жазушы әрі аудармашы Жадыра Шамұратова «Алаш аманаты» арнайы сыйлығын иеленді. Ал Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған арнайы сыйлық ақын, әдебиеттанушы Алтынбек Мерсәдыққа бұйырды.

Айта кетейік, байқау аясында Бердібек Соқпақбаевқа арналған көрме ұйымдастырылды. М. Тынышпаев атындағы тарихи-өлкетану мұражайының қызметкерлері Астанаға балалар әдебиеті классигі шығармаларының алғашқы басылымдарын, құжаттары мен жеке заттарын әкелді.

Ә. САМАТҰЛЫ

16 ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

14 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Биыл бар игілігіміздің бастауы болған Тәуелсіздігімізге – 33 жыл! 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан егемен ел ретінде өз тәуелсіздігін жариялады. Дәл осы күні «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң күшіне енді. Заң Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1990 жылдың 25 қазанында қабылдаған Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қағидалары негізінде әзірленген болатын.



ТӘУЕЛСІЗДІК –

А Нұрлан ҚОСАЙ

ҒАСЫРҒА БЕРГІСІЗ
БІР ЖЫЛ

Тәуелсіздік күні – бабалар аңсарын ақиқатқа айналдырған байтақ еліміз үшін теңдесі жоқ тарихи күн! Осынау тәуелсіздіктің аркасында қазақтың тарихы түгенделіп, тілі, діні және ділі қайта жаңғырды. Мемлекеттің ұлттық рәміздері қабылданып, ұлттық салт-дәстүрі жанданды. Халықаралық қауымдастық алдында беделіміз орнықты. Ендеше тарихи жылдар тізбегінде тәуелсіздікке ресми түрдегі алғашқы қадам 1990 жылдан басталғанын әділетті түрде атап өткен абзал. «Егемен болмай – ел болмас» демекші, бүгінде Республика күні боп атап өтілетін мереке – 25 қазан күні тәуелсіздік күзі қалпына келтірілді. Сол кезде елдің қалыптасуына негіз болған бағалы құжат, алғашқы заңнамалық акт жарияланды. Биліктің үш тармағын бекіткен, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, демократия және заң үстемдігі қағидаларын растайтын «Егемендік туралы декларацияға» қол қойылды. Осы идеологиялық-құқықтық құжаттың ережелері Конституцияны әзірлеу процесінде іргелі бастама болды. Осылайша, Қазақстан үшін ғасырға бергісіз бір жылдың хроникасы басталды.

Қысқаша тоқталып өтер болсақ, 1991 жылдың 24 тамызында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Ағымдағы жағдайды бағалау және Республика егемендігін нығайту шаралары туралы» Қаулы қабылдады. 29 тамызда Қазақ КСР Президентінің «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлығы шықты. Қазақ жерінде 40 жылдан астам уақыт бойы сынақ жүргізілген ядролық қаруға нүкте

БАСТЫ
ҚҰНДЫЛЫҚ

қойылды. Ал 2 қазан күні қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты.

10 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» заңды қабылдады. Осы заңға сәйкес жаңа құрылған тәуелсіз мемлекет Қазақстан Республикасы деп аталды. 12 желтоқсан күні «Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсанның 17-18 күндері оқиғаларға қатысқаны үшін жауаптылыққа тартылған азаматтарды ақтау туралы» ҚР Президентінің Жарлығы шықты. Ал 16 желтоқсан күні «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» ҚР заңы қабылданды. Осы күні Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі жарияланды. Әлем картасында жаңа мемлекет пайда болды.

Әрине, тарихи оқиғаларды орнымен атап өту, түгендеп отыру – парызымыз. Ендеше бұған дейінгі азаттық жолындағы ұмтылыстарымызды естен шығаруға еш хақымыз жоқ. Жаугершілік замандағы жонғар мен қалмақ қыспағына қарсы тұрған Қазақ хандығы, одан бергі орыстың отаршылдығына қарсы тұрған Кеңесары, Сырым Датұлы, Исатай-Махамбет, Иса-Досан, Оспан батырлардың көтерілістері, кешегі Желтоқсан оқиғасы тарихымыздың ажырамас бөлшегі боп қала бермек.



Тәуелсіздік – Ұлы даланы мекен еткен аталарымыздың асыл арманы еді. Біз осы асқақ арманға қол жеткіздік. Тәуелсіздік – баға жетпес байлық. Бәріміз оны көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

ШОҚТЫҒЫ БИІК
ЖЫЛДАР ШЕЖІРЕСІ

Биылғы 33 жыл – бір ұрпақ ауысатын уақыт. Жаһандану үдерісімен, жаңа технологиялар көшімен көптеген құндылықтың өзгергені рас. Бірақ өзгермейтін жалғыз құндылық бар. Ол – тәуелсіздік! Тәуелсіздіктің аркасында Қазақстан ядролық қарудан бас тарта алды. Жарты ғасырға созылған сынақтардан құтылды. Өзінің аумағын айқындап, шекарасын шегендеді. Мемлекеттік құрылымдарды негіздеп, алтын арқауы үзіліп қалған елдік дәстүрді қайта жалғап, оны берік орнықтырды. Елтаңбасын айшықтап, күн астында алтын қыраны қалықтаған көк байрағын желбіретіп, Әнұранын шырақтаты. Ұлтаралық келісім мен діни түсіністікке негізделген бірегей қоғам қалыптастырды. Елдігімізді еңселі еткен дүниежүзі қазақтарының құрылтайларын өткізді. Тағдырдың талайымен

әлемге тарыдай шашылып кеткен қандастарымызды құтты қарашаныраққа қайта жинады. Әлемдік үйлесімнің, этностар арасындағы жарасымның бірегей үлгісіне айналған Қазақстан халқы Ассамблеясын құрды.

Алғашқы жылдардағы қиындықтарға қарамастан қарулы күштерін жасақтап, экономикасын нарық рельсіне ауыстырды. Бұрын-соңды болмаған реформалар жасап, демократияға батыл бет бұрды. Соның ішінде екі палаталы заңнамалық орган – Парламент пен биліктің сот тармағы қалыптасты. Осы жылдар шежіресіндегі шоқтығы биік маңызды оқиғалардың бірі жаңа Астана салғанымыз болды.

Тәуелсіздік бізге халықаралық векторды сыйлады. Мемлекеттің сыртқы саясатында Қазақстанның дипломатиялық миссиясының жетістіктері жоғары бағаға ие. Бүгінде Қазақстан 120-дан астам мемлекетпен республиканың егемендігі мен

тәуелсіздігінің кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекетаралық қарым-қатынастар орнатты. Бұған Қазақстанның БҰҰ-ның толық мүшелігіне кіруі, әлемдік ықпалды ұйымдармен, соның ішінде Еуропалық одақ, Халықаралық валюта қоры, ЮНИСЕФ, МАГАТЭ, ЮНЕСКО және Қызыл Крестпен белсенді ынтымақтастығы дәлел болмақ. Осы ықпалды халықаралық ұйымдармен ынтымақтасумен қатар Қазақстан 40-тан астам көпқырлы конвенция мен декларацияларды ратификациялап, 700-ге жуық екіжақты шарт бекітті. Дүниежүзілік сауда ұйымына кірді, Еуразиялық экономикалық одаққа бірікті, Әлемдік жетекші экспорттаушылардың елулігі қатарына қосылып, 43-орынды иеленді. Бұл ретте Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының тізгінін ТМД және Азия елдерінің ішінен алғашқы боп қолға алғанын атап кеткен жөн. Әлемдік деңгейдегі мұндай мәртебелі миссия қазақ баласына бұрын-соңды сеніп тапсырылып көрген емес еді.

Патшалықтың, төңкеріс дүмпі мен тоталитаризмнің барлық ауыртпалығы мен қиыншылықтарына қарамастан, біздің еліміздің аумағында тұратын қазақтар және басқа да халықтардың өкілдері өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтай алды. Тәуелсіздік арқылы мәдениетіміз құлашын кеңге жайып, қарқынды дамуға зор мүмкіндік алды. «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданып, шетелдерден қазақтың тарихы мен мәдениетіне қатысты бес мыңнан аса қолжазба мен көшірме әкелінді. Осы жылдарда көптеген тарихи жәдігер табылып, 800-ден астам тарихи ескерткіш қалпына келтірілді. Қазақтың мың әні, қазақтың мың күйі жарыққа шықты. Одан да басқа атқарылып жатқан жұмыстар ұшан-теңіз.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: Тәуелсіздік – Ұлы даланы мекен еткен аталарымыздың асыл арманы еді. Біз осы асқақ арманға қол жеткіздік. Тәуелсіздік – баға жетпес байлық. Бәріміз оны көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Мемлекетіміздің егемендігін, еліміздің амандығы мен жеріміздің тұтастығын қорғау – әр азаматтың кастерлі борышы.



НАРЫҚ

14 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Бүгінде несие көптеген азаматтың жеке бюджетінің ажырамас бөлігіне айналды. Әсіресе, өмір сүру сапасын жақсартуды ниет етіп, соңынан қарыздың құрсауына тап болғандар қатары артып келеді. Қаржы мамандары да қазақстандықтар шектен тыс тұтынушылық несиеге тәуелді болып барады деп дабыл қағуда. Банк секторындағы активтердің жыл санап ұлғаюы – шындықты көзге ұрғандай етеді. Бірінші кредиттік бюроның (БКБ) және Data Hub платформасының деректеріне сүйенсек, елімізде шамамен несиеге тәуелді 8,9 млн адам бар, оларға жалпы сомасы 37,3 млн теңге болатын қарыз ресімделген.

А Кәмила ЕРКІН

Қазақстан Ұлттық Банкінің деректеріне сәйкес, 2024 жылғы қыркүйекте ұлттық валютадағы несиелер көлемі бір жылда 18,3%-ға ұлғайып, 35,4 трлн теңгеге, ал шетел валютасында 51,5%-ға, 3,8 трлн теңгеге дейін өсті. Банк секторы берген несие нарықтағы кредиттердің жалпы көлемінің 85,5%-ын құрайды. БКБ есебі бойынша 2024 жылғы қыркүйекте қазақстандықтар жалпы сомасы 1,4 трлн теңгеге несие ресімдеген. Бұл тамызбен салыстырғанда 1,3%-ға артық. Ал халықтың банктер мен микроқаржы ұйымдары алдындағы жиынтық борышы 22,7 трлн теңгеге жеткен.

Несиегердің көпшілігі коммуналдық төлемдер, азық-түлік, тұрмыстық техника сатып алу, оқу ақысы, тұрғын үйді жөндеу, емдеу және тағы басқа негізгі қажеттіліктерді жабуға жұмсалды. Сонымен қатар алдыңғы қарыздарды жабу үшін де банктер несие алатындар жетерлік. Сарапшылар бұл «несие каруселіне» байланып қалу қаупін тудырады дейді. Әсіресе, нарықтағы баға мен инфляция өссе де, табысы сол күйінде қалатын көптеген азамат несиемен сол айырмашылықтың орнын толтырудың жалғыз амалы деп қарайды.

Мысалы, экономист Бауыржан Шурмановтың айтуынша, ел арасында кез келген дүниені несиеге алатын теріс тенденция қалыптасып кеткен. Азаматтарымыз шымдамдылық танытып өз қаражатын жинап, сатып алудың орнына сол сәтте қол жеткізуді көздейді.

— Ал несие орынды пайдалану үшін халықта қаржылық мәдениет қалыптасуы қажет. Олай болмаған жағдайда, жыл өткен сайын тұтынушылық несие көлемі көбейе бермек. Жақында Kaspi Bank түскен пайданың жартысынан астам бөлігі «бөліп төлеу» құралдарына тиесілі екенін мәлімдеді. Бұл да негізінде халықты несиелендірудің бір түрі. Бүгінде әр айдың соңында ірі банктер науқан жариялайды. Сол уақыт аралығында азаматтар смарт құрылғылар арқылы өзіне қажетті-қажетсіз заттарды «бөліп төлеу» арқылы сатып ала береді. Сондықтан ең бастысы халық арасында алдын ала қаражат жинап, тек

ОЙЛАНЫП АЛҒАН НЕСИЕ ОРҒА ЖЫҚПАС

ақша болған жағдайда ғана сатып алатындай мәдениет қалыптастыру қажет, — дейді ол.

Дегенмен Ranking сараптамасы орталығының мамандары Қазақстанда жыл сайын халыққа қарыз беру үдерістері қатандатылып келе жатқанын алға тартып отыр. Олардың айтуынша, әсіресе кепілсіз тұтынушылық кредиттер бойынша мақұлдау деңгейі өте төмен.

«Мәселен, биылғы үшінші тоқсанда тікелей ЕДБ бойынша кредиттеу объектілері бөлінісінде өтінімдердің жалпы санынан мақұлданған кредиттердің үлесі:

- ірі кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттер — 51%;
- ипотекалық несие — 44,5%;
- орта кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттер — 41,5%;
- шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттер — 35,3%;
- тұтынушылық несие — 30,6%;
- кепілсіз тұтынушылық несие — 28,7%;
- автонесие — 17,2% болған.

Осылайша, кепілсіз тұтынушылық несиегерді мақұлдау деңгейі несиегердің басқа түрлерімен салыстырғанда, ең төменгі нүктеде. Өтінімдердің 70%-дан астамына бірден бас тартылғанын көреміз», — делінген сараптамасы орталығының есебінде. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенсек, қазақстандықтардың кредит пен борышты өтеуге арналған шығыстарының үлесі шығыстардың жалпы сомасының 6,9%-ын құраған. Ал отбасылық бюджеттің жартысына жуығы халықтың тамақтануына жұмсалды.

Халықаралық валюта қорының мәліметтері бойынша, жылдан жылға үй шаруашылықтарының қарыздары мен несиегерінің ЖІӨ-ге қатынасы өсіп келеді, бұл табиғи әлемдік тренд. Ranking мамандары «Қазақстанда динамика өте қалыпты болып қала береді және жоғары өсуді көрсетпейді, ал ұзақмерзімді динамикада құлдырау байқалады» деп қорытынды жасап отыр.

«2024 жылғы I қазандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 5,3 млн қарыз алушы (немесе жалпы санының 60%) 1 млн теңгеге дейінгі сомаға кредиттер алған. Бұл нарықтағы кредиттердің жалпы көлемінің 15,8%-ы. Оның ішінде, 1,1 млн адам 100 мың теңгеден аз, 1,5 млн адам 100 мыңнан 300 мың теңгеге дейін, 1 млн адам 300 мыңнан 500 мың теңгеге дейін, 1,6 млн адам 500 мыңнан 1 млн теңгеге дейін несие алды. Мұндай кредиттер бойынша орташа берешек 50 мыңнан 729 мың теңгеге дейін өзгереді. Осылайша, Қазақстандағы қарыз алушылардың көпшілігінің берешегі аз және бұл Қазақстан Республикасындағы



несиегер халықтың қалтасына түспейтіндігін растайды. Қарыздардың негізгі сомасы үлкен сомаға несие алған қарыз алушыларға тиесілі, ал мұндай қарыздар тек тұрақты табысы жоғары адамдарға, яғни үлкен қарыздар үлкен жүктеме емес, бай адамдардың артықшылығы болып табылатын үлкен табысы бар адамдарға ғана беріледі», — делінген сараптамасында.

Алуан түрлі пікір ақиқатқа апарары сөзсіз. Дегенмен статистика мен сандардың объективтілігі халықтың күнделікті күйбең тіршілігінен алшақ секілді көрінеді. Өйткені астаналық тұрғындар азық-түлікті де бөліп төлеуге алатын халге жеттік деп арыз-шағымын айтуда. Мысалы, елордаға жақында ғана қоныс аударған кәсіпкер Дария К. есімді кейіпкеріміз отбасының табысы тек тұрмыстық қажеттіліктен артылмайтынын жеткізді.

— Жолдасым екеуіміздің табысымыз 800 мыңнан асады. Оның тең жартысы ай сайынғы төлейтін пәтер ақысы мен коммуналды шығындарға кетсе, қалғанын балалардың үйірмесі мен азық-түлікке әуірімдеп жеткіземіз. Оның өзін кейде бөліп төлеуге алатын күндер аз емес. Етті де есеппен аламыз. Маусымдық киім-кешекті айтпаған күннің өзінде, тірнектеп тапқан табысымыз күнкөрістің өзіне өзгеріп жетеді», — дейді ол.

Ал тәуелсіз сарапшы Бауыржан мырза несие туралы азаматтар арасында дұрыс түсінік қалыптаспайынша, халықтың қарызға бат-

канына тосқауыл қою мүмкін емес деген пікірде. Сонда несиемен сауатты пайдаланудың жөні неде деген сауалымызға экономист: «Бастысы — пайыздық мөлшерлемеге мән беру», — деп жауап берді.

— Несиеге көлік, баспана секілді ірі тұрмыстық қажеттіліктерді сатып алуға болады. Дегенмен пайыздық мөлшерлеменің төмен болуына баса мән берген абзал. Бізде алдын ала нарықты зерттемей, асығыс шешім қабылдаудың арқасында азаматтар қымбат несиеге ұрынып қалады. Оны тек төлеу барысында ғана түсінеді. Шындығында, несие алу — асқан жауапкершілікті талап ететін қадам. Барлық банктердің несие беру шарттарын салыстырып, қандай мемлекеттік бағдарламалар бар екенін саралап барып несие алса, өзі үшін тиімді болар еді, — дейді ол.

Ал арзан несие қалай табуға болады? Бұл сауал көптің көкейінде екені анық. Әсіресе, жалпақ жұрттың арасында барлық банктің үстем пайызы бір деңгейде деген жаңсақ пікір барын экономист маман талдап, түсіндіріп берді.

— Екінші деңгейлі банктерде несие қайта қаржыландыру деген бағдарлама бар. Ол жерде пайыздық мөлшерлеме салыстырмалы түрде төмен болады. Мысалы, кезінде «Казкоммерцбанкте» ипотека алған кезде оның жылдық пайыздық мөлшерлемесі 20 пайызға тең болатын. Кейін Сбербанк арқылы оны қайта қаржыландырып, 11 пайызға дейін төмендетіп алдым. Шындығында,

нарыққа жаңадан енген банктер несие қайта қаржыландыруға қатысты өте тиімді шарттар ұсынады. Оны көпшілігі біле бермейді, тек ай сайын өртүрлі науқан жариялайтын танымал банктердің қармағында отыра береді. Бізде HomeCredit, ChinaBank және сол секілді тағы басқа көптеген халықаралық ірі банктер жұмыс істейді. Ондағы несие пайыздық мөлшерлемесі де көп жағдайда төмен. Тек тыңғылықты зерттеп, анықтау қажет. Жалпы, қазақстандықтар арасында барлық банк өнімдерін қарастырып, салыстыру арқылы шешім қабылдау мәдениеті жоқ. Жылдам несие алып, жұртқа мақтануға бейім тұрады. Тіпті, жастардың арасында да табысы жоқ студенттердің өзі түбін таразыламай несиеге смартфон сатып алады да, 1-2 ай өткенде оны төлей алмай, ломбардка барып өткізуге мәжбүр болады, — дейді Б.Шурманов.

Маманның сөзінше, көп жағдайда қысқа мерзімді несиелер қымбат болып келеді. Егер ай сайынғы төлем мөлшері жоғары болса, банк үлкен тәуекелге барады. Сондықтан несие құны да қымбатқа шығады.

— Себебі қысқа уақытқа несие алған азаматтардың көбісі несие қайтара алмайды. Сондықтан пайыздық мөлшерлеме де көбейе береді. Азаматтар 1-2 ай ішінде жауып тастайтын деген несие үміттің жетегінде қымбат несиеге ұрынады. Сондықтан ұзақ мерзімге рәсімдеп қысқа уақыт ішінде жауып тастаған әлдеқайда тиімді. Қаржы нарығындағы көзқарасқа сәйкес банк ісі бойынша микро-несие алған адамның табысы төмен деп есептеледі және төмен категорияға жатқызылады. Қаржы ұйымдарының скоринг жүйесі бойынша егер азамат бірнеше микроқаржылық ұйымдардан несие алса аз балл берілді. Ал ипотека немесе көлік несие секілді ірі көлемде қарыз алып уақытында қайтарып отырса немесе мерзімінен жауып тастаса, скоринг оны тұрақты, табысы мол азамат ретінде таниды, — дейді экономист.

Соңғы кезде нарықтағы несие мөлшерінің негізгі көрсеткіші саналатын базалық мөлшерлеме Ұлттық Банк жоғары деңгейде сақтап отыр. Сарапшының сөзінше, Қаржы реттеушінің мұндағы басты мақсаты нарықтағы несие мөлшерін азайту. Б.Шурманов бұл инфляцияға тұсау салудың негізгі құралы екенін атап өтті.

— Несие қаншалықты қолжетімді болған сайын инфляция да сол қарқынмен өсе береді. Бұл жерде мемлекет қай бағытты ұстана алады? Әлемдегі жаңа технологияларды қолданатын кішігірім қаржы институттарын алып келу керек. Жанымызда Қытай секілді алып нарық болғандықтан, олар нарыққа енген сәтте өте ұтымды ұсыныстар жасайды. Мәселен, ұялы байланыс нарығын Kcell, Activ және Beeline секілді үш алпауыт басқарған кезеңде байланыстың 1 минутының құны 30 теңге шамасында болды. Ал елімізде Tele2 компаниясы өз жұмысын бастағалы нарықта бәсекелестік пайда болып, баға 7-8 теңгеге төмендеді. Сондықтан осындай бәсекелестік туғызатын ойыншы нарыққа келуі қажет, — деп қорытындылады экономист маман.

14 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Айхан
ШӘРІП

(Басы 1-бетте)

**ҚАЗАҚСТАН «МҮГЕДЕКТЕР ЕЛІНЕ»
АЙНАЛМАЙ МА?**

Ата заңымыздың 24-бабында: «Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына құқығы бар» деп қатаң бекітілген. Еңбек министрлігі сарапшыларының пайымдауынша, елде жұмыскерлердің еңбек қызметін орындауы кезінде қауіпсіз еңбек жағдайларына деген құқығы сақтала бермейді. Жұмысшылардың өмірі мен денсаулығына қауіп жыл өткен сайын өршіп барады.

Салдарынан ешқандай соғыссыз-ақ, бейбіт заманда Қазақстан әлемде жан басына шаққанда мүгедектері ең көп елдердің қатарына қосылды. Еңбекминіне қарасты «Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау» ресми ақпараттық порталының дерегінше, 20 миллионнан сәл асатын халқы ғана бар Қазақстанда 2024 жылғы 11 желтоқсандағы жағдай бойынша 736 414 мүгедек тіркелген. Оның 295 909-ы – ауылда, 440 505-і қалада тұрады.

Ең көп кемтар жан Түркістан облысында (100 236 адам), Алматы қаласында (59 964 адам) және индустриалды Қарағанды облысында (55 960 адам) тұрады.

Жарымжан жағдайға жеткендердің 326 527-сі – әйелдер, 409 887-сі – ерлер. Мүмкіндігі шектеулі қазақстандықтар арасында 16 жасқа дейінгі балалардың саны – 3 800 бала. 16-дан 18-ге дейінгі балалар арасында I санаттағы мүгедектер – 11 517 бала, II санаттағысы – 26 856 бала, III-санаттағысы – 39 416 бала.

Бұл ретте Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің «Кейбір заңнамалық актілерге қаржы ұйымдарының қызметін реттеу және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» консультативтік құжатында Қазақстанда әртүрлі санаттағы мүгедектігі бар адамдардың саны 2023 жылғы 1 сәуірде 955,4 мың адамға жеткені жазылған.



«Бұл тек ресми сан. Бұған қоса, қазақстандықтардың белгілі бір бөлігі шын мәнінде мүгедек бола тұра, түрлі себептермен «мүгедек» мәртебесін ала алмаған. Оларды да халықтың жүріп-тұруы шектеулі (маломобильные) және осал топтарына жатқызуға болады», – деп атап өтті қаржылық реттеуші өз құжатында.

Бұлай бара берсе, қазақ елі айдыңкүннің аманында «мүгедектер еліне» айналып кетуі мүмкін. Бұған тосқауыл қою үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 25 сәуірде Үкіметке еңбек қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік санкцияларды қатайтуды жүктеді. Ол №22-246 тапсырма болып тіркелді. Алайда Президенттің өзі қойған міндетті шенеуніктер содан бері орындамай, созбаланға салып келеді.

**БИЗНЕС БАСЫНДЫ,
ШЕНДІЛЕР ТОСЫЛДЫ**

Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында Еңбек

ЕҢБЕККЕРДІ ҚОРҒАУ – ЕЛДІКТІ ҚОЛДАУ



және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасын дайындады.

Құжат кәсіпкерлік субъектілерінің жауапкершілігін күшейтуге бағытталған. Еңбек ведомствосының түсіндіруінше, заң жобасының басты бір жаңалығы сол, ол әкімшілік ықпал ету шарасы ретінде «ескертуді» алып тастайды. Себебі жұмысшыларының қауіпсіз еңбекке деген конституциялық құқығын аяусыз аяққа таптап жатқан алпауыт компаниялар білікті заңгерлері тобының көмегімен, үнемі «ескертуді» құтылып жүр.

Бұдан бөлек, заңжобада жұмыс берушілердің еңбек заңнамасында белгіленген «өндірістік объектілерін еңбек жағдайларының жай-күйі бойынша аттестаттаудан өткізу» жөніндегі заң талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар мөлшерін ұлғайту ұсынылды.

– Бұл өзгерістер еңбек жағдайларының жай-күйі бойынша өндірістік объектілерді аттестаттауды жүргізу жөніндегі заңнама талаптарын орындамайтын және бұзатын жұмыс берушілерге, кәсіпкерлік субъектілеріне бағытталған.

кері шегінгені белгілі болды. Заң жобасының жаңа нұсқасында: «Жұмыс берушінің ҚР еңбек заңнамасында белгіленген өндірістік объектілерді еңбек жағдайларының жай-күйі бойынша аттестаттауды жүргізу жөніндегі заңнама талаптарын бұзуы – шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 20, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 35, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 50 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады», – делінген. Яғни, Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің қолданыстағы 94-бабында онсыз да бар айыппұл көлемі сол күйі қалмақ. Тек ондағы «ескертуді» түріндегі жазасымақ алып тасталады.

Жұмыскердің құқығын бұзатындарға қатаң қарайтын әрі қуатты кәсіподақтары бар Батыс елдерін айтпағанның өзінде, мысалы, одақтас Беларусьте еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттауды белгіленген мерзімде өткізбеген жұмыс берушілерге бірден 100 базалық шама (базовая величина) көлемінде айыппұл салынады. 2025 жылы бұл 4 200 белорусь рубліне немесе 655 200 тенгеге тең болады (1 БР/рублі 155,55 тенге). Еңбеккерді қорғауда Қазақстан Беларусьтен да артта қалып тұр.

**ҚОРҒАНСЫЗ ЖҰМЫСШЫ
ҚОРҒАУҒА ЗӘРУ**

Бизнес өзіне шан жуытқысы келмейді, шенеуніктер болса, оларға қарсы тегеурін-қауқар таныта алмай тұр. Мысалы, «Атамекен» ұлттық палатасының өкілі Х.Шаймерденова жауапкершілікті күшейтуге, соның ішінде Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 87-бабына 5 және 6-пункттерді енгізуге неге келіспейтіндерін түсіндірді. Өйткені оның айтуынша, еңбек міндеттемелерін орындау кезінде жұмысшының өміріне немесе денсаулығына зиян келсе, сол үшін өтемақы өндірту мәселесі тек сот арқылы шешілуі тиіс. Шенеуніктер оған араласпайын дегенге келтірді.

– Біз де заңнаманың, соның ішінде кодекстің 87-бабының бұлайша өзгеруіне келіспейміз. Еңбек міндеттемелерін орындаумен байланысты жұмысшының өмірі мен денсаулығына келтірілген залалды өтеу мәселесі азаматтық құқық қатынастарына жатады және әкімшілік өндіріске таралмайды. Сондай-ақ бұл мәселе еңбек дауына да жатпайды, сондықтан оны келісім комиссиясының қарауына да шығаруға болмайды, – деді «Қазакмыс» корпорациясының өкілі М.Аджарова.

Қысқасы, зардап шеккен жұмысшыны қорғаймын деп, мемлекеттік еңбек инспекторларының араша түскенін жұмыс берушілер қаламайды. Салдарынан денсаулығынан айырылған, мүгедек болып қалған қарапайым жұмысшылар, сондай-ақ қаза тапқандарының жесірлері алпауыт компаниялармен соттасуда, арпалыста ары қарай жалғыз қалғалы тұр. Мұнда енді Парламент депутаттары әділдік орнатады деген сонғы үміт қалып тұр.

Еңбекминінің мәлімдеуінше, қазіргі уақытта кәсіпкерлер, жұмыс берушілер еңбекті қорғау және қауіпсіз еңбек шарттарын қамтамасыз ету міндеттерін лайықты орындамайды. Бұл проблема жыл сайын ұшығып барады. Соның кесірінен өндірістік жаракаттардың, кәсіби аурулардың және өндірістегі апаттардың туындауының қауіпі артып, зиянды және қауіпті жұмыс орындарының саны көбейе түсіпті. Ал, аттестаттауды жүргізу талаптарын бұзу өндірістік тәуекелдерді басқару жүйесіне нұқсан келтіріп жатыр.

– Астана абадтанып жатыр ғой. Көшемен келе жатсам, бір жұмысшы жігіт болгаркамен бұрқыратып бордюр кесіп жатты. Айналасы ақ шаңға көмілген. Аяп кетіп: «Айналайын, наушнигің, қорғаныш көзілдірігің, респираторың қайда? Көзден, өкпеден не қалады енді?» – деймін. «Жұмыс берушіміз ештеңе бермейді», – деді ол. Қалтамда пандемия кезінен жатқан маска бар болатын, амалсыз соны беріп кеттім, – дейді елорда тұрғыны Диас Сабырхан.

Дұрысы, жұмыс берушісі мен кәсіподақтар еңбекті қорғау заңнамасының бұлайша аяқасты болуына жол бермеуге тиіс еді. Елдің көз алдында осындай былық болып жатқанда, жабық зауыт-кәсіпорындарда, кеніштерде бұдан өткен сорақы істер орын алмайтынына еш кепіл жоқ.

Ұлттық статистика бюросының дерегінше, Қазақстанда зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыспен қамтылғандар санының үлес салмағы қызметкерлердің жалпы санының 29%-ын құрады. Сонымен қатар әлемде зиянды еңбек жағдайында жұмыспен қамтушылықты бағалау үшін WAIJ (workers in arduous or hazardous jobs) индикаторы қолданылады. Бұл көрсеткіш Еуропа елдерінде жалпы жұмыс күшінің 1% және 4%-ы диапазонында ғана құбылады.

Қазақстанда бұрынғы билік тұсында «Дені сау ұлт» жобасы жүзеге асырылды. Бергінде, ел Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №725 қаулысымен «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау ұлттық жобасы бекітілген еді. Алайда Үкімет оны 2023 жылғы 22 қыркүйектегі №828 қаулысымен жоя салды. Егер өндірісте, жалпы барлық жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі сақталмаса, тиісті еңбек шарттары қамтамасыз етілмесе, Қазақстанда дені сау ұлт қалмауы мүмкін. Ендеше еңбеккерді қорғау – елдікті, ел ертенін қолдау болмақ.

Еңбек инспекторлары бұл тұрғыда заң талаптарын өрескел бұзған жұмыс берушілер ескертуден құтылып кететінін айтады. Салдарынан 2019 жылы – 12, 2020 жылы – 9, 2021 жылы – 17, 2022 жылы – 49, 2023 жылы – 48 жұмыс беруші ғана әкімшілік жазаға тартылыпты. Келесі жылы ел Парламенті сарапшылармен бірге жүгенсіз кеткен жұмыс берушілерді жөнге келтіретін пәрменді заң қабылдаса құба-құп.

ЖАНАЗЫҚ

14 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде Махмұд Қашқари жазған әйгілі «Диуани лұғат ат-түрік» энциклопедиясының 950 жылдығына арналған халықаралық конференция өтті.

Бұл іс-шараны Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры ұйымдастырды. Конференцияға әлемнің түкпір-түкпірінен келген ғалымдар, зерттеушілер, халықаралық ұйымдар мен түркі елдерінің өкілдері қатысып, осы ұлы еңбекке және оның әлемдік мәдениет пен лексикографияға қосқан үлесіне баға берді.

ЮНЕСКО аясында бұл атаулы күнді атап өту осы ұлы еңбектің тарихи маңызын және бүгінгі мәдениетаралық диалогтегі рөлін айқындайды. Бұл ретте халықаралық беделді ұйыммен серіктестік — жаһандану заманында ортақ мұрамызды сақтауға бағытталған ізгі қадам екенін атап өткен жөн.

Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры конференция аясында екі жаңа басылымды ұсынды: Әзербайжанда 86 жыл өткен соң табылған, Халид Саид Ходжаевтың әзербайжан алфавитімен латын қарпінде жазылған қолжазбасы және «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінің көрнекті ғалым, түркітанушы Зифа-Алуа Әуезованың орыс тіліндегі аудармасы. Бұл еңбектер — түркі мәдени мұрасын сақтау және насихаттау жолындағы біздің міндетіміздің айғағы. Сонымен қатар конференция аясында еңбекке арналған деректі фильм көрсетіліп, арнайы көрме ұйымдастырылды.

«ДИУАНИ ЛҰҒАТ АТ-ТҮРІК» ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

«Диуани лұғат ат-түрік» сөзсіз, түркі жұрты ғана емес, әлемдік өркениетке үлес қосқан құнды мәдени мұра, рухани қазына. XI ғасырда Махмұд Қашқари жазған түркі тілдерінің алғашқы энциклопедиялық сөздігі тілдік қана емес, сонымен бірге мәдени және тарихи деректердің қайнар көзі болды. Қолжазбада 9000-нан астам түркі сөзі араб тіліндегі баламасымен түсіндірілген, сондай-ақ түркі халықтарының тұрмысы, әдебиеті, әдет-ғұрыптары және мәдени байланыстары туралы құнды мәліметтер берілген. Бұл еңбек — түркі тілдерінің байлығы мен мәдени әртүрлілігін жүйелі түрде жинақтаған алғашқы еңбек. Сонымен қатар ол түркі мәдениетінің күнделікті тұрмысын, салт-дәстүрлерін және әдеби мұрасын терең зерттеуге мүмкіндік береді.

Кітаптағы ең ерекше жаңалықтың бірі — Махмұд Қашқари жасаған Түркі әлемінің алғашқы картасы. Бұл картада түркі тайпаларының географиялық орналасуы, олардың мәдени және тілдік байланыстары көрсетілген. Ортағасырлық картография мен этнографияның айрықша



АҚТОТЫ РАЙЫМҚҰЛОВА,
Түркі мәдениеті мен мұрасы қорының президенті


950 ЖЫЛДЫҚ ТЕҢДЕССІЗ ТУЫНДЫ

ескерткіші болып саналатын бұл карта қазіргі түркі мемлекеттерінің аумағымен сәйкес келеді.

Махмұд Қашқари еңбегі түркі жазба мұралары арасында «Орхон ескерткіштерінен» кейінгі маңыздылығы бойынша екінші орында тұр. Сөздікте географиялық деректер (50 провинция, 63 қала, 22 ел мен ауыл), тұрмыстық заттар (106 құрал-сайман, 62 түрлі киім-кешек), соғыс қарулары (58 құрал) және әдеби шығармалар (758 өлең, 266 мақал-мәтел) туралы мәліметтер бар.

ЕҢБЕКТІҢ ҚАЙТА ЖАНДАНУЫ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

«Диуани лұғат ат-түрік» 1072 жылы жазыла бастап, 1074 жылы аяқталған. Орта ғасырларда ұл-



кен танымалдылыққа ие болған бұл еңбек кейін жоғалып кеткен. XX ғасырдың басында ғана Ыстанбұлдағы кітап дүкенінен



1994 жылы «Диуани лұғат ат-түрік» қазақ тілінде Асқар Егеубаевтың аударуымен жарық көрді. Ал 2003 жылы бұл еңбек Зифа-Алуа Әуезованың аудармасында орыс тілінде басылып шықты.

2017 жылы ЮНЕСКО «Диуани лұғат ат-түрікті» адамзаттың мәдени мұрасы ретінде танып, 950 жылдық мерейтойын 2024-2025 жылдардағы маңызды мерекелер тізіміне енгізді.

ҰРПАҚҚА ҰЛҒИ – ҰЛЫ МҰРА

«Диуани лұғат ат-түрік» — түркі мәдениеті мен тілінің тереңдігін, байлығын және өркениет жетістіктерін көрсететін ерекше туынды. Сондай-ақ еңбек тарих пен мәдениеттің мұрасы ғана емес, ол — тілдің бірегейлігі, мәдени жады және ұлттық бірлік идеяларының айнасы және түркітанудың іргелі негізі болып қала береді. Еуропа төрінде, әйгілі Париж қаласында осы тарихи туындының ұлықталған сәтіне куә болдық. Халықаралық конференция барысында таныстырылған зерттеулер мен ізденістер, пікірталастар мен түрлі ұсыныстар бұл еңбектің мәнін терең түсінуге жаңа жол ашады. Егер Махмұд Қашқаридің өз сөзімен айтсақ: «Бұл еңбек білімге ұмтылған әрбір жанға жол көрсетіп, ұрпақтан-ұрпақ-

біріне айналу. Ұйымның қызметі «Түркі әлемінің келешегі — 2040» және Turktime бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Қазір түркі мәдениеті мен мұрасын дәріптеуде халықаралық деңгейде үйлесімді жұмыс жүргізу арқылы қор жаһандану дәуірінде түркі мұрасының сақталуын қамтамасыз етуге бар күшін салауда. Қордың мәдени құндылықтарды қалпына келтіру, қорғау және зерттеу жолындағы ұмтылысы — болашаққа жасалған маңызды қадам. Ал ғаламдық мұраны сақтау — біздің ортақ мұратымыз. Тіл мен мәдениетті сақтау — тек аймақтық емес, бүкіл әлемдік міндет. Бұл ретте түркі мәдениеті мен мұрасы қоры өз жұмысын жалғастыра беретінін жеткізгім келеді.

Қазір қор халықаралық ынтымақтастығын кеңейту бағытында бірқатар міндетті көздеп отыр. Жақында Қырғызстанның Бішкек қаласында өткен Түркі мемлекеттері ұйымының XI саммитінде Әзербайжан Президенті Шавкат Мирзиёев мырза Әзербайжанның қорғау мүшесі болуға дайын екенін мәлімдеді. Сонымен қатар Түркі мәдениеті құндылықтарын насихаттау мақсатында Венгрия мемлекеті қормен бірлескен ынтымақтастықта жұмыс істеп келеді.

Бұл ұйым 2012 жылы 23 тамызда Бішкекте өткен Түркітілдес мемлекеттер кеңесінің шешімімен Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия елдерінің басшыларының бастамасымен құрылды. Дегенмен қордың нақты қызметі 2015 жылы Әзербайжан үкіметінен қабылдаушы ел туралы келісімге қол қойылғаннан кейін ғана басталды. Осылайша, қордың штаб-пәтері Баку қаласында орналасып, 2022 жылы толыққанды халықаралық ұйым ретінде жұмысын бастады. Бұл кезеңде түркі елдерінің журналдары негізінде қордың бюджеттік жоспары бекітілді.

Қордың мәдени мұраны қорғау және дамыту жолындағы қызметі Қазақстанның мемлекеттік саясатына толықтай сәйкес келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы Түркі мемлекеттері ұйымының саммитінде: «Қазіргі геосаяси жағдай мен әлемдік экономикалық ахуалдың күрделі кезеңінде Түркі әлемінің ынтымақтастығы нығаюда. Елдеріміздің саяси, экономикалық және мәдени ықпалдастықты жаңа деңгейге көтеруі қажет. Бұл — Қазақстанның сыртқы саясатындағы басым бағыттың бірі», — деп атап өтті.

Ұйымның стратегиялық бағыттары мен бюджеттік жоспары 2024-2025 жылдарға бекітіліп, TurkHeritage құжатын әзірлеуден басталмақ. Бұл құжат түркі мәдени мұрасын қорғауға бағытталған нормативтік акт болып табылады. Сонымен қатар көптілді Turk Heritage каталогінің баспа және электронды нұсқалары дайындалуда. 2025 жылы ақпанда Астана қаласында қордың келесі кеңесі өтеді деп жоспарланған.

Париж

қа жалғасатын мәңгілік мұра болмақ».

ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІ МЕН МҰРАСЫ ҚОРЫНЫҢ МИССИЯСЫ ҚАНДАЙ?

Ал халықаралық конференцияны ұйымдастырып отырған Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры туралы айтар болсақ, қор адамзат ортақ рухани мұралар мен адамзат өркениетіне түркі халықтарының қосқан рухани-мәдени мұрасының зерттелуіне қолдау білдіріп, олардың ғылыми айналымға түсуіне ықпал ету мақсат тұтады. Басты миссиясы — түркі мәдени мұрасын сақтау, қалпына келтіру және дәріптеу, Түркі ынтымақтастық ұйымдарын (Түркі мемлекеттері ұйымы, ТҮРКСОЙ, Түркі академиясы, Түркі мемлекеттерінің парламенттік ассамблеясы) біріктіретін негіздерінің

ОЙТОҒЫС

14 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Мейірбек Сұлтанхан – қайым айтыста да, суырып салуда да өзінің тапқырлығымен көптің есінде қалып жүрген мықты ақындардың бірі. Айтыс десе, елең ете қалатын қауым үшін Мейірбектің орны бөлек. Орамды ой, шешен сөйлейтін ақынның сыр-баз қалыбы да көрерменді ерекше тәнті етеді. Айтыс сахнасында найзағайша жарқырап жүрген Мейірбек жақында Астанада өткен «Төрлет, еңбек адамы!» республикалық аламанды топ жарып, «Алтын домбыраны» иемденді. Айтыскер дейтін бір өзгеше қауым ғой, сол қауымның ортасынан ойып тұрып орын алған ақынның айтары да бөлек болса керек-ті.

– Мейірбек, «Алтын домбыраны» құтты болсын! Мұны біз айтыстағы көп жылдық еңбегіңнің ақталғаны деп түсінеміз. Дегенмен бұл сыйлықты алған кездегі сезімің қандай болды?

– Көп рақмет! Ең бірінші тілеуімізді тілеген өнерсүйер ағайынға, елге мың алғыс айтқым келеді. Сол тілеуімді тілеген ағайынның қатарында сіздердің газет ұжымы да бар екен. Бала күнімізден бастап әр қадамымызға тілекші болып, жетістігімізге сүйсініп, елден сүйінші сұраған жақындарымның да бар екенін айта кетейін. Әрине, арқадан ауыр жүк түскендей сезімде болып отырмын. Алмас Алматы ағамыздың айтатын сөзі бар еді: «Кезеңің келмей, кезегің келмейді» деп. Кешегі бәйге бабымыз бен бағымыздың қатар жанған сәті болса керек. Сезім бөлек, жан бөлек боп тұр. Әлі де толқыныс басылмай жатқан секілді. Ең басты қуанышым – былтырғы айтыста да көп көрермен, айтыс жанашырлары келер жылы менің алатыныма үміттеніп, маған жанкүйер болатынын айтып жатты. Бірақ сол сенімнің үдесінен шығу ең ауыр міндет. Сондықтан екі есе жауапкершілікті арттырған кез болды. Осылайша, мәреден көрініп, ойға алған мақсатқа қол жеткізіп отырған жайымыз бар.

– «Алтын домбыра» демекші, бұл сыйлық айтыскер ақындардың қол жеткізетін ең биік шыңы деп қабылдаймыз ба?

– Бір жағынан солай десек те болады. Өйткені «Алтын домбыра» 13 жыл ішінде айтыстың брендин қалыптастырған үлкен жобаға айналды. Жер-жерде, өңірлерде айтыстар өте беріледі. Бірақ «Алтын домбыраның» бәсі биік. Өйткені көрермен ең күтетін сөз сайысының бірі. Және бұл сайысқа қатысатындар – жылдағы үздік, бәйгелі болған ақындар, бас жүлде мен бірінші орыннан көрінген ақындар. Солардың жекпе-жегі әрі жылдың қорытындысы болғандықтан басқа сайыстарға қарағанда бәсекесі де өте жоғары болады. Бірақ «Алтын домбыра» иелену – ақынның шыққан шыңы, не болмаса өміріндегі жетістігі деп қабылдауға болмайды. Бұдан кейін де айтатын сөзін дұрыс болуы керек, «Алтын домбыра» алғаннан кейін елге не айтамын екен деген екі есе жауапкершілік жүгі жүктелетін дүние. Бәріне уақыт тапшы. Ертең тарихта қалатын нәрсе – ақынның аузынан шыққан сөзі, алған жүлдесі емес.

– Дұрыс екен. Қайта айтысқа оралсақ. Кеше мен бүгінді салыстыра аламыз ба?

Мейірбек СҰЛТАНХАН,
ақын, «Алтын домбыра» иегері:

КЕРЕГІ МЕН КЕБЕГІН АЖЫРАТЫП



Тіпті, бес жыл бұрынғы уақытты бүгінмен салыстыру мүмкін емес. Осы жылдар ішінде айтыстың қаншалықты деңгейі өзгерді?

– Өткен айтыс пен қазіргі айтысты салыстырып, нақты өлшемін бере алатын тонометр жоқ. Бірақ қай жағынан алсақ та жетістік те, кемшілік те бар. Бұрынғы айтыстардың ең бір артықшылығы – шынайылығында. Сол жердегі айтыстың негізгі табиғатының сақталуы деп жатамыз. Ол кезде көрерменнің де айтысқа деген ықыласы керемет еді. Ол кезең айтысқа шөліккеп келетін. Қазақтың рухани дүниесіне қолдау бөлек болатын. Ақынның бір шумақ өлеңі елді дүр сілкіндетін жағдайға жеткен. 1990 жылы Республика сарайында өткен айтыста Ерік Асқаров Дінмұхамед Қонаев жайлы шырқаған сәтінде халықтың айрықша қошеметіне риза болып, орнынан үш рет тұрып, көрерменге бас иген еді. Бүгінгі айтыстың бір ұтымды тұсы – әлеуметтік желінің дамыған кезіне тұспа-тұс келуі. Кез келген ақынның бір айтылған ұтқыр ойы болса, TikTok, Facebook, Instagram секілді желілерде тарап кетеді. Бір қиын тұсы – бұрынғы айтыс пен «Тамашаға» шыққан өнерпаз ертеңінде жұлдыз болып жатса, қазіргі ақынның танылуы қиын.

– Керісінше, әлеуметтік желі көбірек танымал етпей ме?

– Өйткені контент өте көп, ақпарат ағыны толассыз келіп жатыр. Неше түрлі шоу-программа, кино, реалити-шоу, одан бөлек, әлемдік мәдениет, ресейлік шоулар арасында айтыс өз көрерменін жоғалтпай келе жатқаны – үлкен жетістік.

– Айтыстың жиі өткені дұрыс па? Әлде, көрерменді жалықтырып жібере ме?

– Қазір айтысқа айтылатын сынның бірі – осыған байланысты, яғни айтыстың жиі өткізілуі. Сондықтан «Алтын домбыра» айтысын көрермен жыл сайын күтеді. Сол сияқты республикалық деңгейде жылына 4 не 3 айтыс өткізгеннен гөрі, үлкен жоғары дәрежеде 1 айтыс өт-

кізсе, ал облыстық, аудандық айтыстар өте беруі керек. Өйткені сол өңірдегі таланттардың танылуына, жастардың болашағына жол ашатын дүние.

Өңірдегі айтыстарға да жан-жақтан ақындар жиналғаны жөн. Бұл да айтыстың деңгейін өсіреді. Бірде Қызылжар өңірінде үлкен айтыс өтті. Сонда қатты қобалжығаным бар. Өңірдегі көрермен менің айтысымды қалай қабылдайды деген қорқы-

зінің дуасы бар екеніне, халықтың сенімінің артуына ықпал ететін еді. 2011 жылы Семейде айтысқа бардық. Ол кезде облыс әкімі – Бердібек Мәшбекұлы. Сонда Абай ауылына баратын жолдың нашарлығын айтып келіп, «Абай жолын» жазудан қиын емес, Абайдың жолын жөндеп берсе болды» деп айтқан едім. Сол айтыс біткеннен кейін Бердібек Мәшбекұлы «ақындар осындай орынды сөзін айтты» деп, мәселені келер жылдан қалдырмайтынын айтқан. 2012 жылы Өскемен қаласына айтысқа барғанымызда «Былтыр ақындар осы мәселені көтеріп еді, биыл сол жолды салдық» деді. Бұл үлкен қуаныш сыйлаған дүние болды. Сол сияқты өткен айтыстың да, бүгінгі айтыстың да өзіне тән кемшілігі мен жетістігі көп.

– Әдетте, айтыс десе, ерте кездегі ақындардың айтыс өнеріндегі еңбектерін айтып, бағалайтынымыз анық ғой. Бұл заман о заманнан бөлек қой, қазіргі ақындарды (айтыс ақындарын) осынау өнерге байлап тұрған не нәрсе?

– Қай жағынан алсақ та, өнерге деген махаббат деп білеміз. Әрине, жолай қосылған адам да болады. Ол бұрынғы айтыста да болған. Бұрынғы кезде қолына домбыра ұстатып, шапан кигізіп, партияның жетістігін жырлатып, өлеңін қағазға жазып беріп шыққан «ақындар» да болды. Бірақ олардың емес, шынайы таланттардың аты ел аузында қалды. Сол секілді нағыз таланттар іріктеліп, сахнада қалады. Керегі мен кебегін халықтың өзі ажыратып алады. Қалай болса да бойындағы



Кейбіреулер ақындар барған сайын көлік ұтып, шалқып өмір сүріп жатыр деп ойлайды. Жоқ, ақындар да қарапайым, қоңыр тіршілік кешіп жатыр. Әркімнің жұмысы, жеке кәсібі бар. Көбі ұстаздық қызметте немесе мәдениет саласында жұмыс істейді. Одан бөлек, тойға шығып, асабалықпен айналысатындар да бар.



ныш болды. Бірақ елдегі ағайынның айтысқа деген махаббатын көргенде, жан-дүниенмен сезінгенде, өңірлерге көбірек бару керек екенін түсіндім.

Мысалы, солтүстік өңірлерінде қаншама ағайын бар. Бірақ ол жақтарда айтыс көп өте бермейді. Алдағы уақытта солтүстікке көбірек барсақ, артық болмас деген ойдам.

Астанада өткен «Алтын домбыра» айтысында 30 шақты Мәжіліс депутаты залда отырды. Бұл да айтыстың абыройын көтереді. Ақындар елдің, елдегі ағайынның мәселесін, мұң-мұқтажын айтады. Мұны тындаған депутаттар сауал жолдап, мәселенің оң шешілуіне ықпалын тигізуге мол мүмкіндік.

Кезінде ақындардың бір сөзі бір газеттің ашылуына, я болмаса бір жолдың салынуына әсер еткен. Сол секілді осылай жүйе қалыптасса, бұл ақындардың да сө-

қазақтық пен ойындағы айтысқа деген махаббат шығар. Әйтпесе, қазіргі жастарда танылуға деген мүмкіндіктің неше түрі бар. Тез танылудың жолы тұрған кезде айтысқа деген құрметі бөлек, соның оқуын оқып, әр өңірге барып жүрген жастарды көргенде қуанамыз. Кешегі «Алтын домбыра» айтысында 100-ге келген ақсақал Жамбылға ұқсап, айтыстың шымылдығын ашып берді. Бұл 43 жылдан кейін қайталанып тұрған тарихи сәт. Ақсақалдың жанында арнау айту үшін жасөспірімдер шықты. Ең кішісі – 6 жаста. Ұрпақ сабақтастығы деген – осы. Міне, осындай балалардың бар екенін білгенде өнер өлмейтініне, төл өнерімздің төрден түспейтініне сенім ұялайды екен.

Астанада бір ерекше бала бар. Осыдан үш жыл бұрын сол бала маған хабарласты. Үйіне кездесуге бардым. Ата-анасы Ресейде қызмет еткен кісілер екен.

ХАЛЫҚ ӨЗІ АЛАДЫ

Айтуынша, баласына кішкентай кезінде You Tube арнасынан домбыра қосып береді екен. Домбыраның үнімен ұйықтап жүріпті. Бір күні айтысты қосып беріпті. Содан кейін бала тек айтысты тындап ұйықтайтын болыпты. Телефонды қолына берсе, өзі айтысты тауып алады екен. Осы күнге дейін айтыспен өмір сүріп келе жатыр әлгі бала. Тіпті, қызықтаны соншалық, айтыс ақындарының суретін шығарып, альбом жасап қойған.

Ата-анасы «осы баланың арқасында қазақша үйрендік» дейді. Мектепке бармаса да, айтысқа деген махаббатымен домбыра үйреніп алыпты. Ел ішінде осындай адамдар. Сондықтан «айтыс керек емес, жабылсын» деген — бекер әңгіме. Айтысты сүйетін көрермені бар да мәңгі жасайды.

— «Айтыс — дала театры» дейміз. Бірақ біз қазір оны шоуға айналдырып алған секілдіміз. Солай ма?

— «Айтыс — дала театры» деген Мұхтар Әуезовтен қалған сөз ғой. Айтыстың әр жанрында әзіл де, ұтымды ой да, ұятты сөз де болады. Бұл ақынның стиліне байланысты. Кей ақындар шоу жасаймыз деп соңынан кетіп қалады. Оны өз басым

сүріп жатыр деп ойлайды. Жок, ақындар да қарапайым, қоңыр тіршілік кешіп жатыр. Әркімнің жұмысы, жеке кәсібі бар. Көбі ұстаздық қызметте немесе мәдениет саласында жұмыс істейді. Одан бөлек, тойға шығып, асабалықпен айналысатындар да бар. Өзім кейде той басқармасам да, беташарға шығамын. Ырымдап, «келіннің бетін өзіне ашқызсақ» дейтін тындармандарым бар. Ықыласпен шақырған ағайынға «жок» деп айта алмаймын. Бұл да олардың менің өнеріме деген құрметі болса керек.

— Соңғы жылдары байқасақ, сахнаға шығып жүргендердің көбі көпшілік білетін есімдер. Жаңа есімдер, талантты жастар көрінбейді. Әлде, қазір айтысқа қызығушылық азайды ма?

— Көпшілік есімдер жоқ дегеніміз — жоғарыда айтылған мәселеге қатысты да болса керек. Өйткені жан-жақтан толассыз кеп жатқан ақпарат, бір ақынның өз стилімен жарқ етіп шықпағаны да бұған себеп болатын сияқты. Бұрын Арқадан Аманжол аға, Батыстан Меліс ағамыз, Жетісудан Оразалы Досбосыновтың өз стилі, өзіндік өрнегі болды. Оларды дара-лап тұрған да сол дүние еді.



құптамаймын. Сахнада айтылған сөз сол эмоциямен ерекше өтіп кетуі мүмкін, ертеңгі күні қағазға хаттаған сәтте оқуға да тұрмайтын дүние шықпауы керек. Әр ақын өзіне жауап беруге тиіс деп ойлаймын. Шоу екен деп жеңіл дүниеге бара берген жөн емес. Тұтастай алғанда айтыс — синкретті өнер. Мұнда менің сөзім тәуір екен деп қалған дүниені ысырып қоюға болмайды, одан бөлек мақамды құбылту, сахнада өз-өзін ұстау, импровизация, тоқсан өнер тоғысқан кезде барып, шын таланттың мүмкіндігі көрінеді.

— Қазір мойындасақ та, мойындамасақ та, «сананы тұрмыс билеген» заман боп кетті. Күн сайын айтыс, тіпті болмаса, ай сайын айтыс өткізіп жатқан жоқ. Айтыс ақындары қалай күн көреді?

— Жаксы сұрақ. Кейбіреулер ақындар барған сайын көлік ұтып, шалқып өмір

Қазір әлеуметтік желіден тындап өскен бала өзі ұнатқан ақынына еліктеп, мақамына дейін ұқсатып алады. Өзіндік стиль, өзіндік даралық жоқ, жеке ерекшеліктер жойылып бара жатыр. Қытайдағы қазақ айтысы да солай. Ол жақтағы мақам-әуездер ерекше естілетін еді, қазір олар да осы жақтың мақамына салып айтады да, айырмашылық болмай қалған. Арамызда сондай ақын көбейді, жастар ізденістен шет қалып жатыр. Бір-екі айтыста жарқ етіп көрінеді де, кейін көптің арасында есімдері ұмытылып қалып жатады.

Жас уақытта көп іздену керек, көп оқыған жөн. Тек поэзияны немесе көркем әдебиетті оқу деп қарамау керек, барлық жанрды қамтыған жөн. Қаптаған ақпаратқа сүзгі керек. Оның бәрін жұта беруге тағы болмайды.



Жуырда «Қола домбыра» деген республикалық оқушылар айтысы өтті. Сол айтысқа шыққан балалардың талабын көріп, қарқынына қуандық. Кешегі «Алтын домбыра» айтысында да Айым Асылбекқызы деген қарындасымыз қандай тамаша өнер көрсетті. Ақтөбеден келген Нұрбол Жауынбай 24 жасында «Айтыстың ақтаңгері» атанып жатыр. Осындай есімдердің «Алтын домбырада» шыққанына қуандық. Өйткені «Алтын домбырада» жаңа есімнің табылмай жататыны жасырын емес. Сақа ақындар ғана тізімге ілініп, солар ғана бәйгенің басынан көрінетін еді. Осы жолы Нұрбол Жауынбаев I орынды, Айым Асылбекқызы II орынды алды. Алдағы айтыстарда да есімін ел танып жатады деп ойлаймын.

— Жалпы, айтыскер ақын қанша жасқа дейін сахнаға шыға алады?

— Айтыста белгілі бір жасқа дейін шығу керек деген заңдылық жоқ. Бірақ қазір айтыс жасарып кетті. Мұны мойындауымыз керек. Баяғыда алпыстағы ақындар сахнаға шығып жатса, қазір 40-тан асса, сахнадан өздері жылыстап жатады. Өйткені қазіргі жастардың қарқынына ілесу, көрерменді өзіне тарту деген нәрсе бар. Бекарыс Шойбекті ерекше мойындауымыз керек. Бала күнімізден айтыстың 4-5 буынымен айтысып, әлі де бәйгенің басында келе жатқан жүйрік айтыскер.

Баяғы әзіл-сықақ театрларының көріністеріне қазіргі көрермен күлмеуі мүмкін. Сол секілді қазіргі әзілге таманып отырған көрерменді келешек буын қабылдамайды. Сол секілді айтыс та өзгере береді. 80 жылғы айтыстарды, 80-90 жылы айтысқа шыққан ақындарды сахнаға шығарса, көрермен қабылдамауы мүмкін. Жүрсін ағамыз талай ретро-айтыстар өткізді. Бірақ көрермен талғамының өзгергені, айтыс форматының ауысқаны белгілі. Сондықтан жас кезде айтысқа шығып, әрі қарай толыса берген, өнерін жетілдіре берген дұрыс деп ойлаймын. Бірақ бұл ақынның қарым-қабілетіне байланысты. Мысалы, Серік Құсанбай ағамыз 2019 жылы Бейімбет Майлиннің мерейтойына арналған айтыста әлі де бабында екенін көрсетті.

— Соңғы кездері «ақындар қарсыласын анықтап, келісіп алады екен» дейтін пікірлер жиі айтылып жүр. Расында солай ма?

— Бұл туралы сұрақтар да көп қойылып, талай талқыға түскен мәселе. Ақын-дар ішінде де көтерілді. Соңғы «Алтын домбыраны» көрген көрермен түсінер. Дидар Қами екеуіміз шыққан супер финалдың өзі 55 минут болыпты. Ешқандай ойласпаған, сол сахнадағы ситуацияда туған нәрселер. Кез келген ақынның қарым-қабілеті 1-2 сағатқа жетеді деп ой-

лаймын. Бірақ ақын ойының ұшқырлығы сөз табуына байланысты туады. «Түйе мінген қазақтың өзі төрт ауыз өлең біледі» дейді халқымыз. Ақындардың «мына мәселені айтамын, ана тақырыпты қозғаймын» деп ізденуі — көрерменді сыйлауы, айтысқа жауапкершілікпен қарауы. Кейде айтам деген ойды өзінен бұрын басқа ақын айтып кетуі мүмкін. Айтыстағы ізденіс пен ақпаратты сүзгіден өткізуі өзгеше болғанымен, өлең құрау стилінің ұқсас болуы ойының бірдей болуына әсер етуі мүмкін. Айтыста қарсыласының белгілі болғаны — ақындардың дайындалуына, сол өңірді жіті бақылауына әсер етеді.

— Өзің де «Еларнада» «Кімнің есінде?» деген бағдарлама жүргізіп жүрсін. Өзіңнің де есінде не қалды?

— Айтыста жүрген соң, қызықтар таусылмайды ғой. Әр айтысқа барған сайын өнердегі ірі тұлғаларды, олардың болмысын, өзін-өзі ұстауын сырттай бақылап, қызығып қарап жүреміз. Мүмкін болашақта естелік әңгімелер де жазғым келеді. 2011 жылы Семей қаласындағы Бесқарағай ауданына айтысқа бардым. Ол кезде атақты Тұрсынғазы Рахимов қазылар қатарында болды. Бір кезде Тұрсынғазы ағамыз сыртқа шығып кетті. Ілесіп мен де шықтым да, не істеп жүргеніме қызығып қарадым. Сөйтсем, кішкентай баламен әңгімелесіп отыр. 4-5 жастағы баланы басынан сипап, үлкен жігіт көріп сөйлеп отыр. «Сәби болғым келеді» деген әнін бүкіл қазақ біледі. Ал мұндай әнді жазу үшін осындай болмыс пен таза бала көңіл болуы керек екен ғой деп, сыртынан қарап сүйсіндім.

Қарқаралыда үлкен айтыс, дүбірлі той болды. Алдымен бәріміз мейрамханаға жиналды. Айнала у-шу, жұрт даурығып әңгіме айтып жатыр. Бірінен кейін бірі игі жақсылар сөз сөйлеп, тілек айтуда. Мен де айтысқа дайындалу үшін ойымды жинақтайын деп, тойхананың сыртына шығып кеттім. Сыртта Токтар Әубәкіров ағамыз қасындағы кісімен әңгіме айтып, іштегі шудан барынша алшақтап тұр екен. Токтар ағаның қарапайым қалпына таңғалдым. Төрге таласып тұрған жоқ. Сөз сөйлейін деген ой да жоқ. Қарапайым кейіпте есік алдындағы орындықта әңгіме айтып отыр. Адам биіктеген сайын қарапайым болмысымен шынайы көрінетініне көзім жетті. «Кімнің есінде?» дегенде елдің есінде қалатын айтыстар көп ғой. Сол секілді ақындардың да есінде қалатын хабарлар көп болсын! Тәуелсіз елдің ғұмыры ұзақ болсын!

— Әңгімеңе көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Гүлзина БЕКТАС



14 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ



«Тамаша» әзіл-сықақ театрына биыл 45 жыл толып отыр. Бүтін бір тарих, үлкен мектеп болған театр және оның ұжымы жайлы естеліктерді жаңғырту әрі оның жүріп өткен жолын бүгінге үлгі ету мақсатында «Тамаша» телесериалы 30 қарашадан бастап көрерменге жол тартты.

Jibek joly арнасының тапсырысымен Salem Entertainment түсірген шынайы оқиғаға негізделген бұл туынды көрерменді Кеңес одағының ыдырауы, Тәуелсіздікке жету жолындағы алғашқы қадамдары сынды еліміздің қиын кезеңді бастан кешірген «тоқсаныншы жылдарға» жетелейді.

«Тамаша» әзіл-сықақ театрының казак телевизиясы тарихындағы орны ерекше. Биыл біздің телеарна осы театр туралы 10 сериялы «Тамаша» атты көркем сериал түсірді. Телетуынды. Түсірілім барысында біз биыл театрдың эфирге шыққанына 45 жыл толғанын білдік. Содан соң театрдың авторы әрі телевизия майталманы, режиссер Лұқпан Есеновке құрмет ретінде тамаша тарландарын жинап, осы датаға арнап «Тамаша тарту» атты концерттік бағдарлама жасауды жөн көрдік», – дейді Jibek joly арнасының директоры Еркежан Күнтуған.

«Тамаша» театры – бір қарағанда, қарапайым театр болып көрінуі мүмкін, бірақ идеология тұрғысынан – өте қауіпті қару. Ол қарапайым халықтың санасына, пікіріне қатты ықпал ете алады. Мәселен, өткендегі концерттерінде ГорСтрой туралы әзілдері немен аяқталды? Директоры жұмыстан кетті. Ал кешегі ғимарат және көше атаулары туралы әзілдері ше?» деп басталатын телесериалда театрдың халықтың жанын жадырататын, күлдіріп отырып жылдатын әртүрлі ұятты қойылымдарынан үзінді береді.

1978 жылы эфирге шыққан «Тамаша» – телевизиялық бағдарлама ғана емес, Қазақстанның мәдени мұрасы саналады. Биыл театрдың эфирге шыққанына тура 45 жыл толады. «Тамашаның» не-

«Тамаша»

ТУРАЛЫ ТАМАША ТАРТУ

гізін режиссер Лұқпан Есенов пен редактор Қойшығұл Жылқышиев қалады. Құдайберген Сұлтанбаев, Тұңғышбай Жаманқұлов, Лидия Кәденова, Мейірман Нүрекеев, Токсын Құлыбеков, Уайс Сұлтанғазин, Гүлбаушан Тілеубекова, Данагүл Темірсұлтанова сынды өнер тарландары театр сахнасында өнер көрсетті. 10 сериялы телетуындыда осы ұжымының қызығы мен шыжығы мол өнер жолы паш етіледі, актерлердің сахна сыртындағы өмірі баян етіледі.

«Тамашаның» қадір-қасиеті айрықша. Ол - елдің қазынасы, әзілдің қарашанырағы. «Тамаша» арқылы Сейіт Кенжеахметов, Шо-



«ТАМАША» ТЕЛЕСЕРИАЛЫ ЖАЙЛЫ ДЕРЕКТЕР:

Фильмнің жалпы оқиға желісі мен басты кейіпкер – Қайсар есімді жігіт ойдан шығарылған. «Сериалдың сюжеті «Тамаша» театры актерлерінің өмірінен шабыт алады. Алайда бұл көркемдік жоба болғандықтан, тарихи және хронологиялық реттілік әрдайым сақтала бермейді. Сериалда көптеген адам біле бермейтін актерлердің өміріндегі шынайы оқиғалар да, ойдан шығарылған сюжеттік желілер де бар», – дейді сериал продюсері Алмас Сағынұлы.

Сценарий жазу кезінде түсірілім тобы театр ұжымының актерлерімен, марқұм болған артистердің отбасымен кездесіп, шынайы оқиғалар мен естеліктер жазып алынған. «Жыл басынан бері «Тамаша» туралы шынайы естеліктер жинау үшін өнер ұжымының мүшелерімен жеке-жеке тілдесуге тырыстық. Сериалдың сценарийі төрт айдай жазылды. Ал түсірілім барысы 35 күнге созылды», – дейді жобаның креативті продюсері әрі бас сценарисі Дархан Оспанов.

Жобаның ең қиын міндеттерінің бірі – кастинг болған. Кастинг республика бойынша жүргізіліп, түсірілім тобы еліміздің әр өңірінен актерлер іздеген. Сериалға танымал артистерден бөлек, дебют алған жас актерлер де түсті. «Еліміздің барлық аймағындағы театрлардан актерлер іздедік. Басты талап – кейіпкердің түр-сипаты мен болмысына ұқсайтын адам табу болды. Жүз пайыз ұқсас актер табу қиын болды, әрине. Дейтұрғанмен, «Тамаша» актерлерінің мінезін мейлінше бере алатын артистер құрамын жасактай алдық деп ойлаймын», – дейді сериал продюсері Алмас Сағынұлы.

на Смаханұлы, Үмбетбай Уайдин, Толымбек Әлімбек, Көпен Әмірбек сынды мықты авторлармен жұмыс істедік. Лұқпан ағадан көптеген өмірлік сабақ алдық. Халықтың жанын жадырататын, күлдіріп отырып жылдатын, ойландырып қоятын қойылымдарды ағаларымызбен бірге сахналуа көңілімізге қуаныш сыйлайтын. 45 жылдық мерейтойымызды елеп, «Тамаша» жайлы сериал түсіріп, концерт беріп жатқан Jibek joly арнасына алғыс айтамын», – дейді театр актері Асылбек Боранбай.

Тәуелсіздік жылдарының басында «Тамаша» театры қаржыландыру тоқтатылып, өнер ұжымы жұмыссыз қалады. Телетуындыда осынау қиын кезеңдердегі өнерпаздардың бастан кешкен қиындықтары, өнер үшін атқарған жанкешті еңбектері көрініс табады. Барлық қиындыққа қарамастан сериал кейіпкерлері «Уайымдамаңыз! Бәрі Тамаша болады!» деген ұран тастайды, үміт нұрын өшірмей, сол қиын кезеңде халықтың күліп жүруіне септігін тигізген адамдар болып қала береді. Фильм барысында Данагүл Темірсұлтанованың: «Тамаша» мені қатты шабыттандырады. Біздің «Тамашамыз» халықтың көңіл күйінің, өмірлік қиындықтарының дәрумені», – дейтіні осының дәлелі.

Сценарий авторлары дәуір Срухын, жоба қатысушыларының сахна сыртындағы шиеленісті жеке драмаларын тарихи болмысын сақтай отырып, көрерменге ұсыну үшін белсенді жұмыс істеген.

9 желтоқсан күні театр ұжымының 45 жылдық мерейтойына Алматыдағы Республика сарайында үлкен концерт өтті. Сахна шымылдығын Тұңғышбай Жаманқұлов пен Лидия Кәденова ашты. Гүлбаушан Тілеубекова, Данагүл Темірсұлтанова, Асылбек Боранбай, Марат Көккөзов, Нұржан Тұтов көрермендерге әзіл-қалжынын айтып, көңілдерін бір желпіндіріп тастады. Бір кездері ойнаған қойылымдарын қайта қойып көрерменді өткен жылдарға жетелеп, күлкіге қарқ етті. Жүзде-

ген таланттың жұлдызын жаккан «Тамаша» әзіл-сықақ театрының мерейтойына арналған кеште Роза Рымбаева, Айжан Нұрмағамбетова, Ұлықпан Жолдасов, Тамара Асар, Толқын Забирова сынды әншілер мен «Дос-Мұқасан», «Үркер» тобының орындауындағы әндер кештің ажарын аша түсті.

«Концерттің осы ғимаратта өтуі де тегін емес. Өйткені «Тамаша» тарихында оның барлық концерті осы ордалы сарайда өткен болатын. Тамашаның құрамы, осы сахнадан түлеп ұшқан атақты өнер жұлдыздары және «Тамаша» сериалына түскен актерлердің қатысуымен керемет кездесу-кеші болды. Бұл концерттің эфирлік нұсқасы 31 желтоқсан күні Jibek Joly телеарнасының эфирінен жаңа жылға тарту ретінде көрерменге ұсыналады. Бұл да символикалық мәнге ие, себебі осыдан 45 жыл бұрын, дәл осы 31 желтоқсанда «Тамашаның» алғашқы эфирі шыққан екен. Тұнып тұрған тарих десек болады, біз үшін бұл өнім тек телевизиялық жоба емес, сондай-ақ аға буын мен жаңа буын арасындағы сабақтастық. Тіпті, концерттің өзінде әр аға әншілеріміз жас буынмен коллаборация жасап, өнер көрсетті», – дейді Еркежан Күнтуған.

А Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ



Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен қаладағы зиялы қауым өкілдері мен студенттер Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрының алдында орналасқан Мұхтар Әуезов ескерткішінің маңын қардан тазалады.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ЭКО ҒАНА ЕМЕС, САНА ТАЗАЛЫҒЫ



Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өткен сенбіліктің мақсаты — қоғам назарын тазалық пен тәртіпке аударумен қатар, жастарға ұлттық мәдениет пен әдеби мұра туралы маңызды ақпарат беру. Далада аяз бет қаратпай тұрса да, сенбілікке жастар көп жиналды. Елорданың экологиялық ахуалын жақсарту, санитарлық тазалықты сақтау және тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру мақсатында қала әкімдігі «Таза Қазақстан» экобағдарламасы аясында түрлі сенбілік, апталық ұйымдастыруды әдетке айналдырған. Сондай-ақ «аузы дуалы» тұлғаларды шақырып, қоғамдық жұмыстардың мәнді-мағыналы болуын да ескереді. Мәселен, Қалыбек Қуанышбаев атындағы қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театры мен Мұхтар Әуезов ескерткішінің маңын тазалау жұмыстарына жазушы, халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты Толымбек Әбдірайым және Қазақстан Жазушылар одағы Астана қаласы филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы шақырылыпты.

Жазушы Толымбек Әбдірайым «Сенбілік дегеніміз — тазалық жұмыстары ғана емес, жастарға ұлттық мәдениет пен әдеби

Сондай-ақ шара барысында студенттерге қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы келелі әңгіме айтылды. Қазақтың жазба әдебиетінің қалыптасуы жолында мол әрі бай мұра қалдырып, драматургия саласының дамуына ұшан-теңіз еңбегі сінген заңғар жазушы туралы күнді түнге жалғап айтуға болады. 20 жасында М.Әуезов Шекспирдің Ромео мен Джульетта хикаясымен желілес өзінің тұңғыш көлемді туындысы «Еңлік-Кебекті» жазды. Қазақтың театр өнері сахнасынан ойып орын алған бұл пьеса күні бүгінге дейін көрер-

Тазалық алдымен халқымыздың әдетіне, сосын қанға сінген қасиетіне айналуы қажет. Шын мәнінде, өркениетті елдің басты сипатының бірі — тазалық пен тәртіп» деп атап көрсеткен болатын. Қазір республикамыздың барлық аймағында, түкпір-түкпірінде дерлік «Таза Қазақстан» экобағдарламасы жүзеге асып жатыр. Бес жылға дейін жалғасатын шараның ауқымы кең. Қоршаған ортаның ластануы өзекті болып отырған қазіргі қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастырумен қатар, азаматтардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттырудың маңызы зор. Осы

уар жұмыс атқарылып жатыр. Қаланың санитарлық-экологиялық тазалығын қамтамасыз ету барысында халықаралық тәжірибелер кеңінен қолданылады дейді мамандар. Сондай-ақ қала тазалығын үнемі қалыпты сақтау үшін күн сайын мыңдаған қызметкер мен техника жұмыла жұмыс істейді.

Мәселен, қазан айындағы ресми ақпаратқа сәйкес айтар болсақ, экоакциясы аясында жыл басынан бері Астананың бес ауданынан 162 мың тонна қоқыс жиналып, полигондарға шығарылған. Түрлі мониторингтік рейдтердің арқасында заңсыз полигондарды жою жұмыстары жалғасын тауып отыр. Соның ішінде, жаңа ошақтардың пайда болуына жол бермеу бойынша шаралар қабылданған. Жоба аясында «Таза Астана» жаңа әлеуметтік жобасы да іске қосылыпты. Аталмыш жоба құқықтық тәртіп, абағандыру, көгалдандыру, санитарлық тазалау, көпәтерлі тұрғын үйлердің, үй жанындағы, орамшілік және аула аумақтарының кірме топтарының тазалығы мәселелері бойынша жүйелі жұмыс жасауға бағытталған.

Ал қыс мезгілінде Астанадағы тазалық жұмыстары тіптен қарқынды жүргізілетіні белгілі. Әсіресе, қаланы қардан тазалау жұмыстары қарқынды жүреді. Күн сайын коммуналдық сала қызметкерлері жүздеген ауыр жүк көлігімен мыңдаған текше метр қар шығарады. Бұл жұмыс тәулік бойы ауысымдық режимде жүргізіледі. Ресми мәлімет бойынша, қыс басталғалы бері қаладан 75 703 рейспен 961 000 текше метр қар шығарылыпты. Коммуналдық қызмет өкілдерінің айтуынша, ережеге сәйкес, ең алдымен, қалада кептеліс болмас үшін өте қарқынды қозғалыс учаскелері тазаланады, одан кейін орташа қарқындылығы бар учаскелер-аландар, вокзал маңы аумақтары, тротуарлар, әлеуметтік нысандарға кірме жолдар қардан тазартылады.

Жыл он екі ай маусымдық жұмыстардың қарқынды төрт мезгілдің ауысу мерзіміне сай түрленіп отырады. Астана сияқты тез дамып келе жатқан алып мегаполистің тазалығы мен тәртібін қадағалау үшін тынымсыз еңбек пен ұқыпты ұйымдастыру жұмыстарының қажеттілігі әуел бастан өзекті, әрі маңызды. Сондықтан «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші «Таза Қазақстан. Астана — тазалық пен тәртіптің үлгісі» акциясы аясында астаналық еріктілер мен белсенді азаматтар және коммуналдық қызметкерлер бірлесе елордамыздың тазалығы мен абағандырылуы жолында аянбай тер төгіп келе жатқанын айтуымыз керек. Жақында Астананың биіктігі 65 метрлік шолу дөңгелегінде «Еңбегіңізге мың алғыс!» жазуымен коммуналдық қызмет мамандарының фотосуреттерінің жариялануы адал еңбек пен қарапайым еңбек адамына деген ізгі ниеттен туған зор құрмет десек қателеспейміз.

Қазан айындағы ресми ақпаратқа сәйкес айтар болсақ, экоакциясы аясында жыл басынан бері Астананың бес ауданынан 162 мың тонна қоқыс жиналып, полигондарға шығарылған. Түрлі мониторингтік рейдтердің арқасында заңсыз полигондарды жою жұмыстары жалғасын тауып отыр. Соның ішінде, жаңа ошақтардың пайда болуына жол бермеу бойынша шаралар қабылданған.



мұра туралы маңызды ақпарат жеткізетін танымдық іс-шара деңгейінде болғаны құптарлық шаруа», — деді.

— Әрі «Таза Қазақстан» деген сөз жай экологиялық ортаның тазалығы емес, ол жан дүниенің, тілдің, рухтың, сананың тазалығын дәріптеуге жол ашқаны дұрыс. Әркім тазалықты өзінен бастайды деп айтып жүрміз. Ендеше адамдар сол тазалықты тілінен, әдеп-иба мінезінен бастаса, онда нағыз «Таза Қазақстан» болар едік. Елімізді қоқыс пен қардан ғана емес, жемқорлық пен паракорлықтан, әділетсіздіктен де тазартсақ, сонда біздің басты миссиямыздың орындалғаны, — деді жазушы.

менін жалықтырған емес. Бір ғана «Абай жолы» роман-эпопеясы арқылы Абайдай ұлт мақтанышының атын дүниежүзіне әйгілеп таныстырумен қатар, қазақ халқының, оның ұлттық дәстүрі, салт-санасы мен мәдениетін, ғұмырлық құндылықтарын барлық қырынан энциклопедиялық деңгейде жан-жақты дәріптеді. Сондықтан, қарымды қаламгердің ұлт руханиятына сіңірген ұлан-ғайыр еңбегін өскелең ұрпаққа үнемі насихаттап дәріптеудегі іс-шараның қандай форматта да «сөйлегенінен» ұтылмайтынымыз анық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Экология — жарлықпен жасалатын, өкіммен орындалатын шаруа емес.

бағытта балабақшадан бастап, яғни «еңбектеген жас, еңкейген кәріге» дейін «жұдырықтай жұмылуы» керек.

Акция басталғалы бері елорда әкімдігі «Таза Қазақстан. Астана — тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты кең көлемді тазалық акциясын қолға алды. «Астана тазалық» ЖШС мамандарының айтуынша, экоакция шеңберінде шаһардың экоахуалын бақылау, нөсер және арық кәріз желілерін санитарлық тазалау, көшелерді, тротуарларды, орамшілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау, қыста қар шығару жұмыстарының ауқымын кеңейту, шараға қоғам назарын аудару секілді қыр-

БІЗДІҢ СҰХБАТ

14 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Пластикалық хирургия – әлемде қай кезде де өзектілігін жоғалтпаған сала. Тек бірте-бірте оған жүгінетін адамдардың тілек-қалауы да өзгеріп келеді: енді FaceID танымай қалғанша өзгергісі келетіндер сиреп, есесіне ешкім білмей қалатындай ажарлану сәнде. Осы тұста қазақстандықтардың сұлулық жөніндегі сұраныстарын білмек болып, отандық тәжірибелі пластикалық хирург Гүлмира Қобыландинамен әңгімелестік.



Гүлмира ҚОБЫЛАНДИНА, пластикалық хирург:

ТАБИҒИЛЫҚТАН

– Соңғы оншақты жылда сұлулық стандарты қалай өзгерді? Бұл пациенттердің тілек-қалауына қаншалықты әсер етіп жатыр? Бүгінде адамдар ең жиі жасататын пластикалық оталар қандай?

– Жалпы, біздің елде адамдардың сұлулыққа қатысты талғамы өте жоғары. Қарапайым ғана мысал – көбі байқаған шығар, шетелде маникюрді қалай жасайды, ал бізде қалай... Біздің қыздар көбіне боянып, жақсы күтініп жүреді. Сол себепті ең талғампаз пациенттер Қазақстанда деп айтар едім. Бүгінде адамдардың пластикалық отаға деген көзқарасы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жақсарған. Осыдан төрт-бес жылдай бұрын маған көбіне 55-60 жастағы кісілер жүгінсе, ендігі уақытта жастар саны артып, қартаюмен уақытылы күресуде. Әр отаны уақытылы жасасак, нәтижесі де дұрыс шығады. Жастар жағы әдетте блефаропластика, бетті эндоскопиялық тарту, маммопластика және ринопластика жасатады. Ал 35-тен асқандар көп жағдайда бетті толығымен тарту, мандайды тарту деген оталарға жүгінеді. Бірнеше бала босанған, кесарь тілігін жасатқан әйелдердің іші, кеуде тұсы салбырап қалып жатады, бүйірлерін май басып кетеді, сондайда іш пен көкіректі қатар тартатын «маматюнинг» атты отаның түрі бар. Гормондық өзгерістер себебінен жас келе жамбас түсе бастайды, сол кезде жасалатын «бодилифт» атты ота да танымал.

– Бүгінде адамдар, әсіресе жастар пластикалық ота қымбат болғандықтан, уақытша амалдарға жүгінеді. Мысалы, кейбір сұлулық салондары жіпті, филлерді, липолитикті пайдаланып, отасыз ринопластика жасау қызметін ұсынады. Бұл қаншалықты дұрыс?

– Липолитик – теріасты шелмайын ыдыратуға арналған препарат. Мұрынның анатомиясын зерттесек, оның ұшында ғана аздаған май қабаты болады. Сол жерге липолитик салғанда, ол некроз, имешия деген қауіпті салдарларға әкеліп соғуы мүмкін. Екіншіден, теріасты шелмайы тым аз болғандықтан, липолитик ескеннен еш нәтиже де көрінбейді. Көп жағдайда контурлы пластикада мұрынды филлермен немесе жіптермен түзейді. Бірақ оның да нәтижесі мәз емес. Филлерді дұрыс таңдамаса, ол жайылып кетеді. Иә, суретте, бастапқы 2-3 күнде әдемі болып тұруы мүмкін, бірақ одан кейін жан-жағына жайыла бастайды. Өзіңіз елестетіңізші, гиалурон – ол қатты зат емес. Сүйектің үстіне жұмсақ затты қойғанда, ол ерте ме,

кеш пе орнында тұрмай, жайылады емес пе?! Ол одан әрі мұрын формасын бұзады. Енді біреулері жіппен түзейді. Қайтадан мұрынның құрылымына келейік: ол негізінен сүйек, шеміршек, теріасты шелмайынан тұрады, онша бұлшықет жоқ. Сондықтан жіп те тартылмайды. Кейде бізге келген пациенттердің мұрынның дұрыс анатомиясы бұзылып, филлержіптің кесірінен тері астында көптеген тыртық анықталып жатады, ол тиісінше ота барысында көп қиындыққа алып келеді. Бірнеше рет осындай амалдармен,



жеңіл жолмен мұрын формасын дұрыстаймын деп, ақыры табиғи мұрынның формасын бұзып алған соң, бізге жүгінеді. Ондайда отаның бағасы да қымбат болады, сонында шығын көлемі де өседі, отадан кейінгі реабилитация да ұзағырақ болады.

– Дұрыс пластикалық хирургті қалай таңдау керек? Пластикалық ота барысында мамандар қандай қателікті жиі жасайды? Сәтсіз отадан кейін қайта реконструкция жасау тәжірибенізде кездесті ме?

– Әуелі, пластикалық отадан кейінгі асқынудың нәрсесі екенін ұғынып алған жөн. Оны хирургтар қасақана жасамайды. Әдетте, әлемдік статистикада 15-20 пайыз жағдайда әртүрлі асқынудың болуы қалыпты болып есептеледі және пациенттер де одан хабардар. Отаның сәтті өтуіне бірнеше фактор әсер етеді. Біріншіден, пациенттің моральдық тұрғыда отаға дайын болуы және ота жайлы дұрыс ақпаратқа қанығуы, екіншіден, дәрігердің біліктілігі мен клиниканың арнайы құрал-жабдықпен қамтылуы, үшіншіден, пациенттің отадан кейінгі қалыпқа келу шараларын сақтауы маңызды. Тағы бір айта кетерлігі, сіз отаға жүгінерде өзіңізге нақты не керек екенін білуіңіз шарт. Сондай-ақ хирург екеуіңіздің сұлулық жайындағы көзқарасыңыз бір жерден шыққаны жөн.

– Адамның жасынан ең алғаш хабар беретін денесінің қай тұсы? Жастығын сақтап қалғысы келетін адам неге баса мән беру

керек? Антиэйдж амалдарға бағытталған оталарды көбіне қанша жастан бастап жасатқан дұрыс?

– Ең әуелі, терінің жағдайы адамның жасын бірден білдіреді. Құрғақ, түсі күн-

лайды. Бірақ ол сіздің бүкіл проблеманың шешпеуі мүмкін. Сол үшін терінің қартаюының алдын алу керек. Әсіресе, көздің айналасы мен мойынға түскен әжім адамды қартайтып көрсетеді. Осы тұста өзім байқаған қызық бір құбылысты айта кетейін: Қызылорда, Шымкент, Түркістан секілді оңтүстік өңірлердегі әйелдердің көбіне көз айналасына әжім түссе, батыс аймақтардағы әйелдердің мандайы мен екі қасының ортасында әжім көбірек болады. Соны ескере отырып дұрыс күтім жасаса деймін. Бұл бір жергілікті халықтың мінез-құлқындағы ерекшелікке байланысты болса керек. Қол – пластикалық ота үшін ең қиын зоналардың бірі. Өйткені қол терісінің астына май толтырғанмен, ондағы әжімдерді жазу қиын. Қол ыстық-суыққа көп ұрынады, түрлі химиялық заттарға малынады. Сондықтан кейде адамның беті қанша тартылып, жып-жылтыр болып тұрса да, қолына қарап, қартайғанын тез байқауға болады.

– Жас көрінем деп табиғилығынан айырылып қалғандар да бар. Пластикалық отаға тым көп жүгіну мен табиғилықтан айырылып қалмау арасындағы нәзік шекара қай жерде?

– Пациенттің сұранысында шығар. Мысалы, адамда мұрын-ерін қатпары бар, ол тіпті жастар үшін де анатомиялық ерекшелігі бойынша қалыпты. Тек жас келе ол тереңдейді, ұзарады. Бетті тартқанда, әлбетте, қысқарады, тереңдігі азаяды, бірақ біржола жоғалып кетпейді. Сондайда пациенттер көңілі толмай, одан біржола құтылуға тырысуы мүмкін, тіпті кейбірі басқа ота жасату үшін тағы да хирург жағалап кетеді. Оны жоқ қылып тастау табиғилықтан алыстатады. Енді бір жағдайларда жасы 40-45-тердегі әйел бетін тарттырған соң, 35-37 жастағыдай кейіпке ие болады да, көзі өзінің сол бейнесіне үйреніп қа-

Қол – пластикалық ота үшін ең қиын зоналардың бірі. Өйткені қол терісінің астына май толтырғанмен, ондағы әжімдерді жазу қиын. Қол ыстық-суыққа көп ұрынады, түрлі химиялық заттарға малынады.

лады. Арада 1-2 жыл өткенде сәл-пәл қартаю белгілерін байқала салысымен, қайта ота жасатқысы келеді, бірақ оған әлі ерте екенін хирургтар дер кезінде түсіндіргені дұрыс. Сонымен қатар бет пішіні мен дене тұрқына келгенде тренд қууға болмайды. Мысалы, қуыршақтіндей мұрын, үлкен ерін немесе көкірекке әуес болмау қажет. Тренд кетеді, ал дененің осы калпында қалады.

– Бүгінде ерлер арасындағы танымал ота қандай?

– Эстетикалық оталардың ішінен ер адамдар жоғарғы және төменгі қабақтың блефаропластикасын көп жасатады. Ер адамдар спортпен, физикалық жұмыспен жиі айналысқандықтан, су көп ішеді де, көзінің үсті мен асты ісінеді. Сол кезде осы оталар жақсы көмектеседі. Онымен қоса, кейде үлкен кісілер бетті тарту және шаш егу отасына да жүгінеді.

– Пластикалық хирург ретінде сіздің негізгі принциптеріңіз қандай?

– Табиғилықты сақтау әрқашан маңызды. Пластикалық отаның мақсаты – сені өзгерту емес, керісінше, сенің табиғи сұлулығыңды айқындап беру, ішкі әлемің мен сыртқы кейіпінді үндестіру. Табиғилықтан ауытқығанда, сұлулық сөнеді.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

АЙМАҚ



14 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Тараз қаласында 2018 жылдың қазан айында «Желтоқсан, 86» орталығы ашылған болатын. Аталған ғимарат жұмысын бастағанда, әулиеаталық ағайындар айырықша қуанған еді. Себебі мұндай орталық Қазақстан бойынша жалғыз Жамбыл облысында ғана бар еді. Сол уақыттарда ғимараттың бөлмелерімен таныстыратын гид маман да белгіленген. Алайда кейінгі жылдары осы орталықтың сыйқы қаша бастағандай. Себебі бас сұға барсаң, ішінен құнды дүние таппайсың. Бейне бір түнде бүкіл дүниесін біреулер көтеріп кеткендей. Мәселенің мән-жайын білмекке орталыққа арнайы ат ізін салдық.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Бұл жерге бас-көз болып жүрген «Желтоқсан ұшқыны» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Талғат Кеншінбековтен білгеніміз, ғимарат бастапқыда облыстық тарихи-өлкетану музейіне қараған екен. Кейіннен ауада қалып, айдалада адасқан көштің кейпін киіпті.

— Орталықта желтоқсан оқиғасынан ақпар беретін түрлі дерек, тарихи фото, желтоқсаншылардан алынған жәдігер, құжат пен хат, кітап жиналған еді. Сонымен қатар сол уақытта орталықта Халық қаһарманы, Семей түрмесінде белгісіз жағдайда ажал құшқан жерлесіміз — Қайрат Рысқұлбековтың өзі қолданған заттары, киімдері, мектеп формасы, абақтыдан үйіне жолдаған хаттарының көшірмесі орналас-тырылған болатын.

Қазір «Желтоқсан ұшқыны» атты қоғамдық бірлестігіміздің 73 мүшесі бар. Біз ашылған күннен тыным тауып жатқан жоқпыз. Барлық ауданда филиалдарымыз бар. Ал бұл орталық алғаш ашылған жылдары облыстық тарихи-өлкетану музейінің қарамағында болса, соңғы уақытта ол ешқандай мекеменің теңгеріміне алынбай, желтоқсаншылардың да басты мәселесіне айналған еді. Биыл 11 сәуір күні осы орталыққа Тараз қаласының әкімі Бакытжан Орынбеков келді. Содан қаладағы үш қоғамдық бірлестікке қажетті бөлмелерді тен бөліп беру керектігін, ол бұрыштарды желтоқсаншылар өз қаражатына әрлеп, жөндейтінін, осы ғимараттың бір жағына қалалық «Жастар ресурстық орталығының» бір бөлімін әкелетінін айтты. Барлығына келістік. Әкімге көп рақмет, уәдесінде тұрды. Ауада тұрған орталық «Жасыл ел-Тараз» ЖШС-ның қарамағына алынды. Бізде қарап жатпай бөлмелерді әрлеу жұмысын бастап кеттік. Осы ғимаратта Қайрат



ОРТАЛЫҚ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ТАРТЫС

ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕР ҚАЙДА ТҰРУЫ ҚАЖЕТ?



Рысқұлбековқа арналған зал бар. Сол залға да Қайрат Рысқұлбековтың бауырларынан сұрап бірнеше жәдігер әкеліп едік. Оның барлығы облыстық музейге өтіп кетті. Оның ішінде, өзімнің шарбағым ұзақ жыл жасырын көміліп, 32 жыл сақталып келген үш метрлік лозунг бар еді. Ол да музейге өтіп кетті. Осылайша, өз затымды өзіме қайтара алмай жүрмін, — дейді Т.Кеншінбеков.

Шынында, 2018 жылы ашылғанда көзге оттай

басылатын көп жәдігердің қазір орны ойсырап бос тұр. Тек елеусіз ғана бұрышта ату жазасын 345 күн күткен батыр Мырзақұл Әбдіқұловтың алаңда киген киім-кешектері, ұстаған бұйымдары тұр. Аты көп атала бермейтін арда азамат 1986 жылы 19 желтоқсан күні ұсталып, ешкіммен жолықтырмай, терезе жарығы жоғарыда, төсек-орын жоқ таңның атқанын, күннің батқанын білінбейтін темір қапаста жатқан ол «мені атыңдар» деп айқайлаумен күн

өткізеді. Дегенмен ату жазасы 20 жылға кешіктіріледі. Сотта прокурорға: «Мен ұлтымның ары мен намысы, казак қызының абыройын қорғадым, егер ондай жағдай қайталанса тағы да өлтірер едім», — деп қасқайып сөйлеген қайсар казак баласының суреті намысыңды жаниды.

Жоғарыда Талғат Кеншінбеков сөз еткен Қайрат Рысқұлбековтың бауырларынан сұрап әкелінген жәдігер, қара жер қойнында жасырын көміліп, 32 жыл

сақталып келген үш метрлік лозунг туралы білмекке облыстық тарихи-өлкетану музейіне атбасын бұрдық. Музей директоры Сейітжан Ілиястың да өз айтар уәжі бар екен.

— Әуелі салынған кезінде «Желтоқсан, 86» ғимараты уақытша біздің қарамағымызда болды. Біз ол жерге арнайы маман қойып, жұмыс жүргіздік. Ал Талғат Кеншінбеков айтып жүрген жәдігерді маған Қайрат Рысқұлбековтың туған әлкесі ескерткіш ретінде сеніп тапсырды. «Осы облыстық музейде тұрсын» деді. Біз заңдылығымен тіркеп, қабылдап алдық. Енді ол зат осы музейдің мүлкі. Оны еш жаққа бере алмаймыз. Лозунгті іздегендер бұрын қайда қалды? Енді бәрі кеш. Ол заттар біздің музейде желтоқсан оқиғасына арналған бұрышта тұр. Ешқашан жоғалмайды, сақталады, — дейді музей директоры.

Расында, мұражайда Әулиеатада туып әлемге танылған тұлғаларымызға арналған жәдігерлердің қатарында Қайрат Рысқұлбековқа арналған бұрышта бар екен.

— «Желтоқсан, 86» орталығы басқа мекемеге өтеді деген соң бұл жәдігерлер біздің музейге әкелінді. Бұл жерде талай танымал тұлғалардың тұтынған бұйымдары қойылған. Жалпы, орталықтан келген жәдігерлер туралы айтатын болсам, бұл жерден тек батырдың Қайрат Рысқұлбековқа тән заттар ғана осы бұрышта тұр. Бізге келген жәдігерлерді өз заңдылығымен тіркейміз. Мемлекет меншігіне өткен заттар ешқашан жоғалмайды, біз жауаптымыз. Ал орталықтан келген өзге заттар бізде тұр. Оларды мемлекеттік есепке алған жоқпыз, тіркемедік. Сондықтан желтоқсаншылар бізге келіп ол заттарды алып кетуіне болады, — дейді музейдің бас қор сақтаушысы Айша Бегалиева.

Иә, осылайша жылдар бойы иесі болмай келген «Желтоқсан, 86» орталығы төңірегінде тартыс әлі басылмай тұр. Енді қорда болған құнды жәдігерлер қайда тұруы қажеттігін жоғары жақтағылар шеше жатар. Біздің айтпағымыз, ұлттық намысты жанып, патриоттық рухты көтеретін құнды дүниелеріміз «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кетпесе екен дейміз. Себебі бұл — келер ұрпақтың мұрасы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабы Университеттің 2024-2025 оқу жылында 48 білім беру бағдарламаларын аккредиттеулерді ұйымдастыру және өткізу үшін тәуелсіз халықаралық аккредиттеу агенттіктерден қызметін сатып алу.

Университеттің 2024-2025 оқу жылында 48 білім беру бағдарламаларын аккредиттеулерді ұйымдастыру және өткізу:

Сатып алудың нысаны болып табылатын қызметтердің орындалу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап әлеуетті өнім беруші 30 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге тиісті.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын қызметтерді сатып алу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес, тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;

4. Әлеуетті өнім беруші ҚҚС төлеуші болса көрсетілетін қызметтер бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қоса қарастыруы керек.

5. Әлеуетті өнім беруші баға ұсынысы жалпы сомасының 5% көлемінде өтінімді қамтамасыз ету мақсатында ақшалай төлем жасалынуы керек. (А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН 990440008043, БСК HSBKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі АҚ»). Төлем тапсырмасының түпнұсқасын ұсынуы шарт.

6. Конкурса қатысушы әлеуетті өнім берушінің «халықаралық мәртебесін (статус)» айқындайтын дәлелді құжаттары болуы шарт.

Сатып алынатын қызметтердің тізімі мен келісімшарт үлгісін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 24.12.2024 (12:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

«Күлкінің жеңбейтін
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Әубәкіров

«Күле білу — өмір,
күлдіре білу — өнер,
күлкі болу — өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы

АРА



14.12.2024 ж.

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы



Менің бір мұртты көршім бар. Ішімдік ішіп алса маған тиіседі. Бастығым құсап мыжып мазамды алады. Күш көрсетеді. Тіпті, мұртты көршімнен мың қадам жерден үйді айналып қашып жүретін болдым. Баяғыда ауылда тұрғанда совхоз директорының қабаған иті болып еді. Қарғысынан босатып жіберсе мені іздеп жүріп тауып алады. Тым жақсы қой қораның артында қызбен сөйлесіп тұрғанда талап тастайды. Шалбардан балақ қалмады. Сол иттен қорлық көріп, ақыры қалаға көшіп кеттім. Айтпақшы, ұмытпасам, иттің емес, сол директорың ербиген қою қара мұртты болды. Өткенде түнде көшеде келе жатсам екі бұзақы жағамнан ала кетті. Тамағымнан қылғындырып кеңірдегімді үзетін түрі бар. Жалынып ақша беріп, әрең құтылдым. Екеуінің де мұртты бар. Бір тойда ұрттап алған мұртты бар ақын аузына келгенін айтып сөгіп тастады. Мұрт өсірген ақындардан да қашып жүремін. Ал кеше мұртты бар полиция көшеде тоқтатып еді. Шошып кеттім. Қысық көзім бадырайып кетті. Шыны керек, соңғы кездері мұртты бар адам көрсем қорқатын болдым. Бірақ мұрттылардың бәрі мен ойлағандай емес қой. Мұрт өсірген жақсы адам көп қой. Неге екен? Әлде мұртқа фобия ма?.. Қорқынышымды мен тұратын аудандағы дәрігерге айтайын десем, оның да мұртты бар.

Біртүрлі сескенемін. Енді не істеймін? — деп басым салбырап үйге келдім. Үйде қабаған бір ғана әйелім бар. Тісі өтпейді. Протез. Ол да мені шаршатты. Бірақ мұртты жоқ.

Аяқастынан бірдеңе тапқыш ақ. Былтыр «сақал қойған мода, бесіктен белі шықпаған жастар қауқиған ешкі сақал қойып жатқанда сенің жүрісің мынау?» — деп бетімді тілді. Енді бүгін былай дейді:

— Бейшара-ау, осы сен неге мұрт қоймайсың?
— Қатын, сені жын қакқан ба? Мен көсемін.
— Ұстарамен қырсаң шығады.
— Пышақпен қырсам да шықпайды. Мұртты қайтемін, маған жараспайды.
— Ойбай-ау, қазір мұрт өсіру мода ғой. Жан-жағыңа қарадың ба? Қазір жұрттың бәрі мұрт қояды. «Мұрттыларды сыйландар, мұрттыларда иман бар» деген мақалды естідің бе?
— Жоқ. Мен басқа мақал естідім.
— Қандай?
— «Мұртты — талай адамды құртты», — дедім.
— Соқ, өтірікті ондай мақал болмайды.
— Мен мұрттан да, мұрттылардан да қорқамын, — деп едім, әйелім баж ете қалды.

Өйткені қайны атамның мұртты бар еді.
— Есуас, мұрт өсірмесен төбенді оямын, — деп айқайға басты.
— Айттым ғой, маған мұрт шықпайды.
— Шықпаса, мә, мына мұртты жапсырып ал, — деп сахнада әртістер қолданатын жасанды мұртты алдыма тастай салды. Мұртты көріп, жын көргендей тұра қаштым.

Қашып бара жатып:
— Әй, қатын, сені де, мына мұрттыңды да ұрайын, — деп сөгіп кеттім. Бірақ ұзаққа қаша алмадым. Көк желкемнен ұшып келіп, асүйдегі оқтау тиді. Қазір мен мұрт өсірудің жеңіл жолдарын іздестіріп жатырмын.

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

КӨРКЕМДІК ЖЕТЕКШІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАҢА ЖОБАСЫ

Аудандық мәдениет бөлімінің басшысы, мәдениет үйінің директорын кабинетіне шақырып алып сөкті. Шөміштен қысты.

— Ауданда неге ерекше мәдени сайыстар мен жарыстар өткізбейсіңдер?

— Жақында атыс болды, аа кешіріңіз айтыс болды.

— Айтыс баяғыда қайтыс болды. Бұл жаңалық емес, бұрын-сонды болмаған шаралар ойлар, — деп қатты ұрысты.

Басы салбыраған директор кабинетіне келіп, көркемдік жетекшіні шақырып алды. Жеті атасынан түгендеп боктады.

— Мен сені жұмысқа не үшін алдым? Қолыңнан түк келмейді. Кабинетінде отырып бір қағаз ұстағаныңды көрмедім. Үнемі сыртта көлеңкеде шылым шегіп, өсек айтып отырасың.

— Олай деменіз, дәлеліңіз бар ма? Ел қатарлы жұмыс істеп жүрміз, — деп көркемдік жетекші директорың айтқанына көнер емес. Қызметін атқаруға мүлдем қабілеті жоқ. Бірақ өзін мақтауға шебер-ақ.

— Болды, жап аузыңды, саған соңғы мүмкіндік беремін, жақын арада бұрын-сонды болмаған жаңаша сайыстар өткізуіміз керек, — деп ашу шақырған директор столды сабалады. Көркемдік жетекші басын қасып шығып кетті. Түнімен қатты ойланды. Толғанды. Ертеңіне жаңаша жобамен директорың есігін қакты.

— Басеке, керемет сайыс ойлап таптым, «Жалағыштар жарысын» өткізсек қайтеді?

— Ол не пәле? — деп әуелі директор шошып кетті.

— Аты айтып тұрғандай, сайысқа қатысатындар бірінші балмұздақ жалаудан жарысады, екінші бал жалайды. Үшінші шешуші кезең, ол кезде не жалайтыны әзірге құпия болады. Оны уақытында көресіз. Сурприз...

— Ойбай-ау, мынау керемет қой, мұндай сайыс еш жерде өтпеген болар?

— Қазақстанда бірінші рет басеке, маған сеніңіз, — деп көркемдік жетекші жерден жеті қоян тапқандай кеудесін керіп тұр.

Сонымен, сайыс өткізудің жоспары құрылып, қызу жұмыс басталып кетті. Қазылар алқасы да анықталды. Алқа төрағасы

болып ауданға белгілі азамат Қопаш Қотаров тағайындалды. Әншейінде мәдени іс-шараға жоламайтын жұрт осы жолы қызығушылық танытты. Сайысқа мындаған адам қатысуға



ұсыныс түсірді. Оның ішінен он жалағыш іріктеліп алынды.

Бүгін кешке көркемдік жетекші ойлап тапқан жаңа жарыстың шешуші кезеңі болады. Сахнада тілді салақтап қатысушылар тұр. Мәдениет үйі халыққа лық толды. Бірінші кезең басталды. Жарысқа қатысушылар балмұздақты жарыса жалап жатыр. Тілі ұзын бір қатысушы әйел екі жалағанда балмұздақты жоқ қылды. Залдағылар тамсанып отыр. Бір кішкене бала балмұздақ жалағысы келіп жылап тұр.

Ал енді екінші кезеңге кезек келді. Сахнаға он кесе араның балы қойылды. Ойпырым-ай, көзді ашып-жұмғанша жалағыштар балды жоқ қылды.

Әзірге бәрі де мықты. Тілдері жалаңдап тұр. Бірақ халықтың да, қазылар алқасының да күтіп отырғаны үшінші құпия кезең.

Ойлары: «бұл жолы не жалайды екен?»...

Сахнаға сайыстың үшінші кезеңін хабарлауға бойы сорапып мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі шықты.

— Құрметті сайысқа қатысушылар, екі кезеңде де сайыскерлер жалаудан алдына жан салмады. Дайындықтары өте керемет. Тілдері жақсы жұмыс істейді екен. Ендігі үшінші шешуші кезең ол — туфли жалау...

Зал ду ете қалды. Мәдениет үйінің директоры төбесінен тоқ ұрғандай селк етті. Беті қабығын аршыған алмадай қарайып кетті. Ол сайыстан мұндай жаңалық күтпеген еді.

Сахна төріне он шақты туфли қойылды. Оның ішінде шаң басқан аудан әкімінің туфли

және табаны тозған аудандық сот пен жер бөлімі басшысының туфли бар. Ұйымдастырушының ұсынысымен облыстың мекеме басшыларының да туфлилері қойылыпты. Ең бастысы, министрліктен арнайы әкелінген бір қара туфли сахна төрінде қақиып тұр.

Жүргізуші: «соңғы кезеңді бастаймыз» дегенше болған жоқ, қазылар алқасының төрағасы, елге белгілі Қопаш Қотаров министрдің қара туфлин ала қашты. Сол-ақ екен, қазылардың бір мүшесі аудан әкімінің туфлин қағып үлгерді. Енді біреуі облыстан әкелінген туфлиге жабысты.

Сайысқа қатысушылар жалауға туфли таба алмай төбелес басталды. Халық сахнаға жүгірді. Аудандық соттың туфлин залда отырған бір көрермен іліп әкетті. Қысқасы, туфли жалағыштар көбейіп кетті. Жарыс аяғына дейін өтпей қалды. Сайысқа қатысушылар бұл туралы тиісті жерге шағым түсірді. Мәдениет үйінің директоры көркемдік жетекшіні тағы шақырып алды:

— Әй, сен көркемдік жетекші емес, көргенсіз жетекші екенсің, — деді.

— Неге олай дейсіз?

— Туфлиден басқа жалайтын ештене таба алмадың ба? Бүйткен сайысың құрысын, кет, жоғал!..

— Басеке, басы жақсы басталып еді, бұлай боларын кім білген? — деп ол баяғы әдетінше өзіне шаң жуытпай тұр. Директор ертенін ойлап қобалжып отыр.

Әлде біздің қоғамда осындай жалағыштар көп пе?..

Н.ЖҰБАТҚАН

Аруақтарынан айналайын, кешегі Ақтастарымыздың әрбір сабағы құлағымызға қорғасынмен құйғандай қатып, сіңіп қалушы еді. Бастауыш сыныптағы математика сабағында «қосылғыштардың орындарын ауыстырғанмен, қосынды өзгермейді» деген шындығы шымшықтай шырылдаған теория бүгінге дейін шып-шырғасы шықпастан жарғақ құлағымызда жаңғырып тұр.

Жаңғырып тұрған сон қаңғырып жүрген бұралқы ит емес, не балақтағы бит емес. Қазақта «жүйелі сөз жүйесін, жүйесіз сөз иесін табады» деген тәп-тәуір тұжырымды сөз бар. Осы амалға шеге қағып бекітсек, жоғарыдағы тұжырымы терең теория тиянақтала түседі.

Япыр-ай, ит жылғы кикілжіңді ұмытпайтын кекшіл кіді кісілер сияқты баяғыда ұмыт болатын түбің түскір теория неге есіме сайтандай сарт етіп түсе қалды екен? Тоқтай тұр. Ә бәлем, қолға түстің бе?

Сөйтсем, бұл теория тектен-тек тіліме орағытылмапты. Әй, әйткенмен, «қашқан қоян жатқан қоянды ала кетеді» демекші, бүгінгінің белсенділері баяғыда санада бұғып қалған амалды бұғалықтан босатып жіберген екен ғой.

Біздің қалада қызыл империяның тұсында да, тәуелсіздік туы астында да мемлекеттік қызметтің түбін түсірген ат төбеліндей тімірсік топ бар. Өздері шеттерінен «сен тұр, мен атайынның» нақ өзі. Өзі болмаса да көзі. Сидиған денелеріне, жыра-жыра беттеріне, сыпсифан сақалдарына, сидамдаған жүріс-тұрыстарына қарама-саңыз, Шыңғыс ханның әбден шыныққан сарбаздарындай ширақ. Енді ширақ легенде тау копарады деп ойлап қалмаңыз. Бірақ тұзы жоқ қара көжедей сылдыр сөзге, дәмсіз әңгіме-дүкенге, түлкідей түрленіп жағымпаздануға, әкім-қаралардың жамбастарына көпшік қоюға келгенде ешкімге есесін жібермейтін сайыпқыран шеттерінен. Бұл жағынан қолдары жүріп тұр. «Тау мен тасты жел бұзады, адамзатты сөз бұзады» деген ып-ырас сөз. «Сіз ұлы адамсыз» деп кез келген әкімнің мақтауын асырып, жаманын жасырып, қолтығына кіріп алудан ешқайсысы арланбайды. Есесіне барлық марапат солардың омырауларында, шапан-шаттық солардың иықтарында. Балалары, немерелері құзырлы мекемелерде жіліктің майлы басын ұстап отыр. Олардың арасында атақтарынан ат үркетін мүйізі қарағайдай зиялы қауым өкілдері де бар.

Ана бір жылдары рәкет дегендер шықты ғой. Олардан кейін коммерсант, іскер адамдар қаптады. «Жана қазақтар» деген ұлтымыздың тағы бір «руы» пайда болды. Осы азаматтар Құдайдың бейбіт күндерінде қандайларынан бір безбүйрек бұзақы, қағынған қанішер «тарс» еткізіп атып кететіндей, айналасына пілдей-пілдей оққағар ұстады. Оларды «оққағар» деп атағаннан гөрі «отшашар» деу тиімдірек. Өйткені Салқынбектің сүзеген сиырындай көздері зәрленіп от шашып тұратын. Содан соң қайда барса да, тіпті патшалардың өздері жаюу баратын сайға барса да сонда-рынан көлеңкесіндей ілесіп бірге баратын. Қазір де қалада осындай жанын Құдайға қимайтын қыршаңқы қорқақтар қыруар.

Біздің шалдар осы оққағарлардан қоянның егіз көжегіндей, тауықтың шөпілдеген шөжегіндей ұқсас болмаса мұрнымды кесіп берейін. Абыз ақсақалдарымыздың кез келген адамның бойына біте бермейтін тағы бір сиқыры бар. Ол өңірге келген жаңа әкімді, мейлі ол қайдан келсін, мейлі Айдан келсін ағайын-туыс етіп ала қоятыны. Олардың әкімнің қасынан көлеңкесіндей еріп қалмайтыны соншалық, «япыр-ай, осылар басшымен қойындасып бірге ұйықтайды ма екен?» деген деп сұмдық ой сұмандап, жаныңды жай таптырмайды.

Тегі «бөрі арықтығын білдірмес, сыртқа жүнін қаппайтар» деген сөздің де жаны бар. Қанша жерден тепсініп, түгі бетіне шығып, алдына келгенді тістеп, артына келгенді теуіп, асаулық танытқанымен, қай әкім де жынынан айырылған бақсыдай біздің шалдардың алдында мойнына бұғалық түскен тайдай жуасып қалады. Олардың алдында бөгелек тиген жылқыдай басын шүлгі беретін атау-ақіреті жоқ белгісіз бір жұқпалы ауруға душар болады. Осы дерттің шипасын әзірге ешбір елде тапқан шипагер жоқ. Соған қарағанда бұл шиканның алдында қазіргі медицина да мешел-ау шамасы.

ОҚҚАҒАРЛАР



Жуырда біздің облысқа жаңа әкім тағайындалды. «Кім екен?», «Қайдан екен?», «Қай жүздің баласы?» деген жымсық жасырын сауалдар бұл жолы да садақтың сансыз жебесіндей жан-жақтан жаңбырша жауды. Қызық болғанда, облыстың бүкіл ауылын ішек-қарынына дейін қотарып ақтарғанда бұл әкімге туыс болып келетін бір пенде шықсашы. Қас қылғанда бұл әкім кісікіңтей саяқ жүретін қақатұяқ біреу екен. Мустангтей жалына қол тигізбейді, жанына жан жолатпайды.

Біздің шайтанды да шыр айналдыратын шебер шалдар алдарынан өткел бермес ор кездескендей үрпісіп қалды. Әкімшілік ғимаратын әрі айналды, бері айналды, саңылау таппады. Ақыры амалдары адасып, шөл аймақтан қаталап келгендей дінкелері құрып, әкелері жаңа өлгендей аһ ұрып, бүйі тигендей бүк түсіп жатып қалды.

Түйнек тигендей дөңбекшіп жатқан Титыққа құрдасы Қитық хал сұрай келді.

— Ау, Титықжан, мына әкімнің сиырдай мөнкіп, маңайына жан жолатар емес. Не амал бар? — деп бір бүйірлей келіп жанына жантайды.

— Сен босқа тантима. «Әкіміңіз» деп маған меншіктеп қоятындай немене, екі туып, бір қалғаным ба еді? — деп дөңбекшіп жатқан Титықтың талағы тарса айырылды.

— Жә, жетер енді. Сонша тулағаның не? Сөздің сіралғысы да менікі. Япыр-ай, мына әкім кілтін қырық қабат жердің астына көмген құлып сияқты ашылмас па екен? Мұны қалай етуге болады? — деді Қитық көтерілген сатысынан бір баспалдақ төмен түсіп.

— Үркекбас біреу сияқты ғой. Өзі балалар үйінен шыққан неме емес пе екен? — деді Титық.

— Ойпырым-ай, неткен көрегенсіз! Тап бастыңыз. Бұл пақырыңыз балалар үйінен шыққан безбүйректің дәл өзі, — деді Қитық.

— «Таста тамыр жоқ» деген тап рас. Мынауың тасжүрек біреу болып шықты, — деп Титық құрдасының сөзін қуаттады. Ақсақалдар ақылдаса келе жаңа әкімнің түп тамырын тереңнен қазып түгендемекке уағдаласты. Бұл аса маңызды, жауапкершілігі жоғары барлау қызметіне ұйқыдағы кісінің қандай түс көріп жатқанын бетіне қарап біле қоятын, ел ауызында «Зымиян» деген зілмауыр лақап аты бар Нұртай бірауыздан сайланып, бекітілді.

Қолына қасиетті қызмет тиген Нұртай ырғалып-жырғалып жатқан жоқ, су жаңа жұмысына білек түре кірісіп кетті. Әкімнің туған жерін індетте іздестіріп кеп беріп еді, Ешкіөлмес деген жерде шақалақтың кіндігі кесілген болып шықты. Ешкіөлмес ит өлген жердегі бір қиыр шетте жатқан жер екен. Жазған құлда шаршау бар ма? Нұртай бір «тайға» мініп, шоқырақтатып Ешкіөлмеске де жетті.

шекесінің мына шетіне бір, ана шетіне бір қисайтып, ұзақ ойланғырап қалған Жотабай шал қолындағы таяғымен жерді дүнк-дүнк еткізіп ұрып, шегір көзін алысқа қадап тұрып қалды. Ашық ауыздар, жабық ауыздар, сығарайған көздер, мыжырайған көздер ошырылып Жотабайдың насыбай сасыған ерініне емексіп елжірей қарасты. Бұл жолы насыбай иісі аңқыған ауыздан жауыз сөз емес, шындыққа бастайтын дәу із сынды лепес шықты.

— Ту-у, қара басқыр басым-ай, қара басып, дәл іргемізде тұрған балалар үйін есімнен тарс шығарып алыппын ғой. Жолдан деген жүгермек дәу де болса сол үйде тәрбиеленген болса керек, — деп Жотабай жондана сөйледі.

Нұртай шешесі шекесі торсықтай ұл тапқандай қуанды. Жол сілтеген Жотабай жәкесімен асығыс қоштасып, Ешкіөлмес-тегі балалар үйіне тікесінен тік тартты.

— Сондай бір бала болыпты, — деді ескі құжаттарды аудастырып-төңкестіріп отырған балалар үйінің директоры, — бірақ оның соңғы жылдары қайда жүргені біз үшін белгісіз.

Әккі тыншыдай тиянақты Нұртай тығырыққа тірелді. Тәрбиешілер Жолдан деген жеткіншекті жыға танымайтын болып шықты. Одан беріде қанша жыл өтті, қанша су ақты. Сол кездегі тәрбиеші апайлардың біразы төмпешікке айналыпты. Қалың тұманда адасқан адамдай мен-зең болып тұрғанда тәрбиеші Жұпарқұл жерден жеті қоян тауып алғандай орнынан секіріп тұрып, айқайлап жіберді.

— Ағай, мен білемін! — деді кекештен сөйлеп.
— Нені білесің?
— Жолданды тәрбиелеген апайды білемін.
— Ол кісі қайда?
— Осында тұрады. Зейнеткерлікке баяғыда шығып кеткен. Бүгінде жасы тоқсанға келіп қалды-ау шамасы. Сол апайға бір кісінің жиі келіп тұратынын Зеберкүлден естігенмін.

Мына сүйінші хабар Нұртайдың баяғыда өліп қалған әкесі тіріліп келгеннен бетер әсер етті. Нұртай талып қалмаса да, талмаусырап барып есін зорға жинады. Орнынан ұшып тұрып Жұпарқұлдің ыстық күнде бояуы айғыз-айғыз ағып тұрған екі бетінен алма-кезек шөп-шөп сүйді.

Нұртай Клара Владимировнамен көптен көрмеген туысын сағынып тапқандай айқайлап келіп амандасты. Арса-арсасы шыққан шандыр шешейге екі қолын ала жүгірді. Клара Владимировна құлақтан қалғанымен, санасы сембепті.

— Ой, Жолданчик, ой, мой золотой! Ол менің балам ғой! — деп көзіне жас алды.

Есіне әлденелер түсіп, айналасы жыра-жыра көк көзін оралалмен қайта-қайта сұрткіштей берді. Барлаушы үшін ең сұмдығы сол, он ойланып, мың толғанса да Жолданның қай қазақтың баласының ұрпағы екенін тап басып айтып бере алмады.

Нұртайдың зымиян басына бір сұркия ой келді.

— Клара Владимировна, мен Жолданның жеті атадан туысатын бауыры едім. Сіз осыны балаңызға мықтап, шегелеп түсіндірсеңіз екен, — деген бақайесінін бажайлап жеткізді.

— Ой, Боже мой! Соншама жыл Жолданчигімнің бір туысы табылмаған еді. Сіз қайдан келдіңіз? Жерден шыққан Мәдісіз бе, әлде көктен түскен періштесіз бе? — деп кемпір шоршып түсті.

Мұндай қулық-сұмдықтың талайын қолдан жасап үйренген Нұртай небір түлкібұлаңға салып бақты. Бірақ шүйкедей кемпірді сендіре алмады.

Амалы таусылған Нұртай облыс орталығындағы кадрменді қарияларды бір қойын сойып үйінде күтті. Алдағы шараның жоба-жоспарын олардың құлақтарына майдай сіңіріп болған соң бір автобуска тиеп, Қлараның алдына алып келді. Шатақ шалдардың арасында сайтанның өзін шатыстырып, алдап жіберетін Алдар-көселер пішен еді. Олар шүйкедей кемпірді шыр айналдырды. Шыр айналмақ түгілі бір айналғанға құлап түсетіндей қауқары бар Клара «өтірік айтатын жер бұл ара емес еді ғой» деуге шамасы келмей шалқалай құлады.

Кеміек кемпір көнді. Көңбесіне қойды ма? Оның үстіне, Қлараға да қунара келе бермейтін бір ой келген. «Түбі қазақ болған соң осы Жолдан балама шыққан тегі де керек қой. Бұл қазақтың тегі жоқ адамды өзектен тебетін бөлесі бар. Араларында есі бүтін шалдары да бар екен. Соларға баламды еншілеп берейін. Қазағының мазағына емес, тазалығына ілінсін» деп ойлаған.

Сонымен, Жолдан Тыраш руының Құраш деген атасының бел баласы болып шыға келді. Уф!

Бүгінде Жолдан Табылғанұлының айналасы ақылмандарға толы. Сақалдылардың тұла бойлары сорғалап тұрған сөз. Қойны-қоныштарынан ақыл-кеңес желіні сыздап келіп иіген сиырдың сүтіндей шелектеп құйылады.

Шайтан шалдардың сөздері де өтімді, өздері де өтімді.

Иә, оңай дейсіз бе, қазаққа қосып алу тегі жоқ бір жетімді!

Сонымен, әңгімеміздің биссіміласындағы математикалық амалға оралайық. Мұны «әкімдер өзгергенімен, оққағарлары өзгермейді» деп бүгінгі күн талабына сай түрлендірсек, қатып кетпейді ме?

Жаса, оққағарлар!

Сабырбек ОЛЖАБАЙ



14 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ



ЖҮЙРІКТЕ ДЕ

ЖҮЙРІК БАР

Бокстан Азия чемпионаты өз мәресіне жетті. Тайландтың Чангмай қаласында Қазақстан құрама командасының қыз-жігіттері жалпы есепте 2 орынға тұрақтады. Ал көршілеріміз Өзбекстан құрамасы көш бастады.

Әсет ҚАЛИ

Бокстан 2024 жылдың ең ірі турнирі аяқталды. Қазақстан құрамасы бұл доғаға ең мықты боксшыларын алып барғанына қарамастан, жалпы есепте 2 орынмен төамдадық. Ал жарыстағы басты қарсыласымыз Өзбекстан өз құрамасына біршама өзгерістер енгізіп, жаңа боксшыларын паш етті. Жалпы, Өзбекстан құрамасы бұл турнирде тамаша өнер көрсетті десек артық емес. Салыстырмалы түрде айта кетсек, ерлер арасында Өзбекстанның 10 бірдей боксшысы финалға шығып, оның 7-і алтын алса, біздің құраманың 9 бірдей боксшысы финалға шығып, оның 5-і алтын медаль иеленді.



Соңғы әлем чемпионаты алдыңғыдан әлдеқайда өзгеше болды. Барлық ұлттық құрамалар мықты спортшыларын шығара алмады. Көптеген көшбасшылар Олимпиададан кейін демалуға шешім қабылдады. Сондай-ақ Украина құрамасы да турнирге қатысып, қатысушылар санын арттырды. Олар 2 күміс, 11 қоламен жарысты аяқтады.

Қазақстан құрамасында жазда Париж Олимпиадасында өнер көрсеткен боксшылар да болды. Бірақ Асланбек Шымбергенов, Нұрбек Оралбай, Қамшыбек Қонқабаев жаракаттан айығуына байланысты бұл турнирге қатыспады. Шымбергенов желтоқсан айындағы ел чемпионатында рингке оралуды жоспарлап отыр. Нұрбек өз жаттығуларын келесі маусымнан бастайтынын хабарлады. Ал Қонқабаев аз үзілістен кейін рингке оралады деп жоспарлануда.

Есесіне, жаттықтырушылар кәсіби боксшылар Абылайхан Жүсіпов пен Бекзат Нұрдәулетовке өздерін көрсетуге мүмкіндік берді. Чемпионат алдында Айбек Оралбай салмақ санатын ауыстырып, енді 92 келіден жоғары салмақта елімізді таныстырады. Ол Тайландта өткен сында еш сүрінбей өтіп, алтын медальді жеңіп алды. Баһоджир Джалоловтың мирасқоры болуы тиіс жас Зохон Жағырқиров (Өзбекстан) Айбекке қарсы тұра алмады.

Сайысқа Қазақстан құрамасынан 13 спортшымыз қатысып, оның 10-ы жүлделі орындармен елге қайтты. Ал Сәкен Бибосынов, Бейбарыс Жексен және Мұхаммедсабыр Базарбайұлы медальсыз қалды.

Ал қыздарымыз бұл турнирде Өзбекстанды шаң қаптырып кетті. Біздің боксшыларымыз жолдама алған бес финалдың бәрін алтынмен аяқтады. Олардың қатарында Елдана Талипова (81 келіден жоғары),

Виктория Графеева (60 келіге дейін), Аида Әбікеева (63 келіге дейін), Наталья Богданова (70 келіге дейін), Гүлсая Ержан (81 келіге дейін) бар.

Құрлықтық біріншілікті Айгерім Саттыбаева (48 келіге дейін), Жазира Орақбаева (52 келіге дейін), Ұлжан Сәрсенбек (57 келіге дейін), Милана Сафронова (66 келіге дейін), Диана Мағауияева (75 келіге дейін) қола медальмен қорытындылады.

Біздің команда финалдық раундты жеңіліспен бастады. Жеңіл салмақта (48 келіге дейінгі) финалдық жекпе-жекте Санжар Ташкенбай Шадиаржан Меликузиевке (Өзбекстан) есе жіберді. Еске сала кетейік, өткен жылғы Ташкент төріндегі әлем чемпионатында алтын алған еді. Жас спортшымыз үшін бұл жақсы нәтиже деп айта аламыз. Алдағы ірі турнирлерде топ жарады деген сенімдеміз.

Ұлттық құрамаға алғашқы алтынды (54 келіге дейін) Махмұд Сабырхан әкелді. Ол үш раундта да керемет жекпе-жек өткізді. Ол мықты боксшылардың бірі Шахзуд Мұзафаровтан (Өзбекстан) бір бас жоғары тұрды. Былтыр Махмұд Әлем чемпионатында жеңіске жеткен еді. Енді ол Азия чемпионатының алтын медалін жеңіп алды.

— Бүгінгі кездесу өте тартысты өтті. Өзбек боксшысымен бұған дейін 2 рет кездескен болатыным. Ол көбінесе орнында тұрып жұдырықтасатын, бұл жолы көп қозғалыс жасап ыңғайсыздық туғызды. Бұл алтынмен тоқтамаймыз. Қазақ еліне әлі талай жеңістер сыйлайтын боламын, — деді Махмұд Сабырхан.

Өзінің финалын 57 келіге дейінгі салмақта Оразбек Асылқұлов жарысты күміс жүлдемен қорытындылады. Ол атақты Мирзизбек Мирзахалиловпен (Өзбекстан) қолғап түйістіріп 5-0 есебімен жеңіліп қалды.

Тағы бір күміс Дулат Бекбауовқа бұйырды. Ол 67 келіге дейінгі салмақта Мухибилло Турсуновтан (Өзбекстан) ұтылып қалды. Бұл жекпе-жекте де өзбек боксшысы басым түсті.

Кәсіби боксшы ретінде командаға оралған (71 келіге дейін) Абылайхан Жүсіпов пен Хавасбек Асадуллаевтың (Өзбекстан) арасындағы ұрыс дауға айналды. Жарыс күні өзбекстандық боксшы жеңімпаз атанып күміс медальды біз еншілеген болатынымыз. Алайда Қазақстан бокс федерациясы осы кездесуге қатысты шағым тастады. ИВА өкілдері Хавасбек Асадуллаевтың жекпе-жек кезінде жерлесімізді тістегенін растап, төрешілер шешімін өзгертті. Солай жеңіс Абылайханға берілді. Ал төртіпті өрескел бұзған боксшы бокстан шеттетілді.

Диас Молжігітов 75 келіге дейінгі салмақта өзбекстандық Джавохир Умматилевпен алтынға таласқан-тын. Қарсылас алғашқы екі раундта үлкен басымдықпен көзге түсіп, отандасымызды жеңіп кетті.

Одан бөлек, Бекзат Нұрдәулетов қоржынға 2-ші алтынды салып берді. Ол (86 келіге дейінгі) салмақта өзбекстандық Жасұрбек Юлдошевке қарсы жекпе-жек өткізді. Бекзат шайқас бойы белсенді, дәлірек және көбірек соққылар жасап төрешілер шешімімен жеңіске жетті.

Сағындық Тоғамбай (92 келіге дейін) еш қиындықсыз Паруиз Каримованы (Тәжікстан) жеңіп, алтын медаль иеленді. Кездесуде қарсыласын үш рет нокаутқа түсіргеннен кейін қазақстандық мерзімінен бұрын жеңіске жетті.

Аса ауыр салмақта капитанымыз Айбек Оралбай Азия чемпионатының алтынын 2 мәрте алды. Оның қарсыласы Ремула Абу-дурексити (Қытай) болды. Бұл боксшымен Айбек 2019 жылы Астанада өткен Президент кубогында Айбек пен Ремула жартылай финалда кездескен. Сол кезде де Айбек жеңісін тойлаған еді.

— Жаңа салмаққа ауысқаным көп уақыт болған жоқ. Жекпе-жек барысында қытайлық боксшыдан басым түссем де, бірнеше кәтеліктер жібердім. Алда осы кәтеліктермен жұмыс істеймін. Осы салмақта әлемде бірінші болуға мақсат қойып отырмын. Барша қолдаған жанкүйерлерге алғысым шексіз! — деп өз ойымен бөлісті Айбек Оралбай.

Жалпы алғанда, біздің ерлер құрамасы бес алтын, төрт күміс және бір қола медаль жеңіп алды. Медальдар саны бойынша жалпы есепте Қазақстан (он алтын, төрт күміс және алты қола) екінші орынға тұрақтады. Көршілеріміз Өзбекстан (он алтын, алты күміс, үш қола) чемпионатта топ жарды. Тәжікстан бір алтын, бір күміс және үш қола медальмен үздік үштікті жапты.

«ЕГЕМЕННИҢ ЕЛДІК ЖОЛЫ»: БАСЫЛЫМҒА – 105 ЖЫЛ

Астанада «Достық үйінде» Egemen Qazaqstan газетінің 105 жылдығына орай «Егеменнің елдік жолы» атты форум өтті. Шара басталмас бұрын қонақтар музейге қойылған Ұлттық архив құжаттарын және кітап көрмесін тамашалады.



Ел тарихынан сыр шерткен тағылымға толы форумның пленарлық мәжілісін «Қазақ газеттері» серіктестігінің Бас директоры Дихан Қамзабекұлы жүргізіп, қазіргі қоғамдағы қазақ тілінің мәртебесін көтеру, кітап оқу мәдениетін арттырудағы газеттің атқаратын рөлі туралы ойларын ортаға салды.

«Егер бүгінгі көп шенеунік, біраз азамат ойлап жүргендей, «газет заманы кетті» дегенге пейіл берсек, сауатсыз мұғалім, сауатсыз оқушы қатарын көбейте береміз. Рас, замана қалпын ескеріп, газеттің интернет нұсқасын, сондай-ақ әлеуметтік желідегі БАҚ форматын жалғастырамыз сөзсіз. Бірақ Батыс пен Шығыстың өркениетті елдеріне әлі де азық болып отырған дәстүрлі классикалық форматты жетілдіру — басым бағыт болып қалуға тиіс», — деді Дихан Қамзабекұлы.

Одан әрі мерейтойға келген мәртебелі меймандардың құттықтау тілегіне кезек берілді. Сенат Төрағасы М.Әшімбаевтың құттықтауын сенатор Нұртөре Жүсіп, Мәжіліс Төрағасы Е.Қошановтың жылы лебізін депутат Жанарбек Әшімжан жеткізді.

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтауы да оқылды, онда: «Газеттің алғашқы санынан бастап онда қазақтың ірі мемлекет қайраткерлері мен көрнекті қаламгерлері қызмет етті. Мемлекеттік мүдде мен журналистік талапты тең ұстайтын басылымның кәсіби деңгейі, ұстанған бағыты ешқашан өзгерген емес және алдағы уақытта да халқымыздың мұрат-мақсаты мен қоғам дамуына лайықты үлестеріңізді қоса бересіздер деп сенемін», — делінген.

Тұңғыш Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрі (1991-1993) болған Қуаныш Сұлтанов құттықтап, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы баспасөздің рөлі туралы сөз қозғады. Әр жылдары Egemen Qazaqstan газетінің бас редакторы болған Сауытбек Абдрахманұлы, Уәлихан Қалижанұлы, Дархан Қыдырәлі, Еркін Қыдыр да баспасөздің өзекті мәселелері туралы ойларын ортаға салды.

Жиында Egemen Qazaqstan газетінің бірқатар қызметкеріне «Еңбек ардагері», «Ақпарат саласының үздігі» марапаттары тапсырылды.

ГАЗЕТИМІЗДІҢ КЕЛЕСІ САНЫ
19 ЖЕЛТОҚСАН КҮНІ ШЫҒАДЫ.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙЫЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiskaalt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4534
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,